Республикалық жастар газеті

# Ақмешіт жастары

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

...Мен жастарға сенемін! Мағжан

№46 (635)
20 қараша, 2025 жыл

## ҚАТІГЕЗДІК ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?



**Қоғам тыныш көрінгенімен, оның қойнауында талай толқын буырқанып жатары анық. Сырт көзге бейбіт көрінген мектеп дәліздерінде де үні шықпас қауіп бар. Қазіргі жасөспірімдер әлемі сырттай қарағанда түсінікті секілді, дегенмен оның ішкі табиғатын түсіну қиын. Жастар арасындағы буллинг, бір-біріне өктемдік жасау, ақша жинау мәдениетінің ушығуы, «район» деген ұғымның қайта тіріліп, өркен жаюы қоғамдағы деградацияның айқын көрінісі.**

Жастың бойындағы қатігездік ойдан шығып жатқан жоқ, оны өсіріп отырған ортаның өзі. Жүректегі мейірімге салмақ түссе, оның орнын ашу басады. Мақаламызда кеңінен тоқталамыз.

4

## СӨЗ ДЕ, ӘРЕКЕТ ТЕ ЖАЗАЛАНАДЫ

**Жуырда көрермен назарына ұсынылған отандық веб-сериалдағы бір деталь көзге оттай басылды. Кейіпкерлердің бірінің жүзі жасырылған екен. Дауысы да, сөйлегені де тым жалған, жасанды. «Режиссердің шешімі шығар, мұның да бір құпиясы бар-ау» деп қойып, әрі қарай көре бердік. Бірақ көрермен ретінде қызыққанымыз рас.**

Естеріңізде болса блогер Әлия Бутеева Instagram парақшасында Шәріп Серіктің ұрып-соққанын мәлімдеп, лифтідегі видеоны жариялады. Оқиға қоғам арасында қызу талқыға түсіп, актердің әрекеті қатты сыналған еді. Тіпті бойкот жарияланды. Нәтижесінде Sələm Entertainment, Topcars компаниясы барлық әріптестік қарым-қатынасын тоқтатып, оны қара тізімге енгізді. Мұндай шараның тіпті түсірілім жұмысы аяқталған туындыларға да әсер еткені рас. Мысалы сол уақытта үлкен экранға шыққан «Патруль» фильмінде актер түскен сахналар түгел қиылды. Ал жоғарыда жазған веб-сериалда да бет-бейнесі жасырылған, дауысы өзгертілген актер Шәріп Серік екен.

Мұнан бөлек қазақ тілін місе тұтпаған Choco-family, Qazaq coffee мен қазақ тілінде сөйлеуді талап еткен курьерді жұмыстан шығарған Magnum естеріңізде шығар. Бұл кейстерге қарап кейінгі жылдары қоғамда «cancel» мәдениетінің қалыптасқанын байқауға болады. Сонымен бұл қандай мәдениет, қазақы қоғамда «cancel culture» дұрыс қолданылып жүр ме, нені білуіміз қажет? Қарастырайық.



6-БЕТТЕ



### АСХАТ САЙЛАУ, ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНІҢ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРІ:

## ШАХ-ШАХ ШАТҚАЛЫН ПАЛЕОНТОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНГЕ АЙНАЛДЫРУ КЕРЕК

**Өңірге қарасты Қармақшы ауданынан 80 шақырым жерде орналасқан Шах-Шах шатқалынан динозаврдың сүйегі табылды. Бұл дерекке байланысты облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Асхат Сайлаумен сұхбаттастық. Білікті маман бұл жерді палеонтологиялық кешен ретінде ашып, ЮНЕСКО-ның қорғауындағы тізімге алуды ұсынады. Айта кетейік, біздің елде мұндай үлгідегі 7 ғана кешен бар.**

3

### БАСПАСӨЗ-2026

## ЖАСТАРҒА жазыл, достарым!

Жастардың үнін жеткізер,
Төл газеті толқынның.
Мазмұнға бай басылым,
Тарихы болар бұл күннің.

Сауырға басып жүретін,
Қашан да ойдың қамшысы.
«Ақмешіттің жастары» –
Жақсы істердің жаршысы.

Ой салар жазған-сызғаны,
Ұғатын жанға астарын.
Сананы сергек қылатын,
Жастарға жазыл, достарым!

**Құрметті оқырман! 2026 жылдың I жартыжылдығына газетке жазылу жүріп жатыр. «Ақмешіт жастары» газетіне 6 айға жазылу үшін жеке тұлғаларға – 4000 теңге.**



## САҚАЛДЫҢ ДА СЫРЫ БАР



Қазіргі уақытта қоғамда сақал мәселесі – саяси және діни шиеленістерге ұласып жатқан күрделі тақырыптың бірі. Пікірлерге зер салсақ, кейбірі оны Пайғамбар сүннетінің көрінісі деп түсінсе, енді бірі – тұлғалық таңдау, тіпті кейбірі жай ғана сән дейді. Бұл мақаламызда сақалға қатысты діни пайымдар, қазақ дәстүрлері және қоғамдағы қазіргі пікірталастардың себеп пен салдарын саралап көрдік.

5-БЕТТЕ

## ШӘКІРТТЕРІМДІ ОЛИМП ШЫҢЫНАН КӨРГІМ КЕЛЕДІ



2-БЕТТЕ

# ШӘКІРТТЕРІМДІ ОЛИМП ШЫҢЫНАН КӨРГІМ КЕЛЕДІ

**Спорт – мінезді шыңдайтын, ерік-жігерді, өмірлік құндылықтарды қалыптастыратын үлкен мектеп. Кейінгі уақытта қазақстандық жас спортшылар әлемдік аренада үлкен жетістіктерге жетіп, ел мерейін үстем етуде. Жас буын сайыстарда көк туды желбіретіп, болашаққа зор үміт сыйлап отыр. Мұның бәрі белсенді, талапты жастарымыздың арқасы. Олардың қатарында Азамат Аралбай да бар.**




Кез келген жетістік кішкентай қадамнан басталады. Азаматқа бұл мүмкіндік алтыншы сыныпта, мектепте тхэквондо үйірмесі ашылған сәтте бұйырды. Сыныптастарымен бірге спорт залының




табалдырығын аттаған жас баланың бойындағы отты бапкері Нұрлыбек Сухан бірден байқаған. «Егер мұғалім өн бойына, өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса, ол – нағыз ұстаз» демекші, Нұрлыбек Сухан Азаматқа жақсы тәлімгер бола білді. Ол шәкіртін қанатының астына алып, талантын ұштай бастады. Кейін ол жоғары нәтиже көрсетіп облыстық жарыстан жүлделі 1 орын иеленді. Бұл оның алда спортқа деген қызуғышулығының артуына әсер етті. Азамат алтыншы сынып бітіргеннен кейін бапкері өзі жұмыс істейтін дарынды балаларға арналған облыстық спорт мектеп-интернатқа ауыстырып алды. Мұнда оның спортқа деген ынтасы ашыла түсті. Бұл жерде оқушылар күніне 2 рет 1,5 сағат көлемінде жаттығу жасайды. Мектептегі ортасы мен ұстазының арқасында ол ел чемпионатында топ жарды. Қазіргі таңда Азамат осы мектеп-интернат-колледжінде таэквондо бөлімшесінде жаттықтырушы қызметін атқарады.

Азаматтың спортта биік шыңға жетуіне отбасы әсер етті. Халықта «Ата-ананың тәрбиесі – бала мінезінің іргетасы» дейді. Шынымен, ерік-жігердің қалыптасуы үйдегі қолдаушыларға байланысты. Азаматтың айтуынша, оның ата-анасы оған әрдайым тілекші болып, әр бастамасын қуанышпен жалғаған.

Спортшы биікке жетсе, көрермен оның мойнындағы алтын медальді көреді, ал оның жақындары жеңістің артында жатқан қиындықтарды сезеді. Иә, жетістікке жету үшін мықты болу аздық етеді. Әсіресе, жарыс алдында спортшыларда қызу дайындық басталады. Дода уақыты жақындағанда қатысушылар үшін психологиялық дайындық өте маңызды. Спортшыға күштен бөлек стратегия керек. Ол жарыс алдында доданың өту барысы, қатысушылары туралы мәлімет жинап, қарсыласының әрбір әдіс-тәсілін бақылайды. Ал кейін оған қандай жауап қайтаруға болатынын спортшы алдын ала дайындайды.

Спорт туралы айтқанда біз тек жақсы тұстарды атап өтеміз. Алайда жетістікпен бірге тосқауылардың да бірге жүретінін ұмытпауымыз керек. Біздің кейіпкеріміз де осындай оқиғаны басынан өткерген. Азамат Азия чемпионатына іріктеуден өтті. Алайда тізесін жарақаттап, жарысқа қатыса алмады. Аяққа қайта тік тұру үшін 6 ай уақыт кетті. Спортшы болу үшін ең алдымен денсаулық керек екені осыдан байқалады.

Азамат таэквондодан кәсіби спортшы болғанымен бос уақытта футбол ойнағанды жақсы көретінін атап өтті. Ол үшін өмірдегі теңгерім маңызды. Өз қызығушылығынан бөлек кейіпкеріміз отбасына да жеткілікті уақыт арнауға тырысады.

Әрбір маманның алға жетелейтін арманы болады. Бұл тұрғыда Азамат ерекше жауап айтты. Ол спортшы болғанымен де, ең алғаш Олимп шыңынан өзінің шәкірттерін көргісі келеді. Онымен қоса таэквондо спорт ретінде балаларға физикалық тұрғыда ғана емес, тәрбие жағынан да ықпал етеді. Азаматқа бұл спорт сабырлықты, сенімділікті, тазалықты, достыққа адал болуды үйретті. Ал ол бұл қасиеттердің оқушылардың да бойына табылғанын қалайды.

Азамат – спортта да, өмірде да өз жолын тапқан, енді осы жарыққа ізбасарларын жетелеп келе жатқан үлгілі азамат. Оның оқиғасы еңбек пен сенімнен құралған. Ал қазір ол кезінде өзі игерген білім, жігер мен қайратты шәкірттеріне дәріптейді. Ыбырайдың «мектеп жүрегі» деп атаған ұстазы тура Азаматқа арналып айтылғандай.

**Мерей ШӘКРАТ**

**Қызылорда облысы қысқы кезеңге толық дайын. Бұл туралы «Өңірлік коммуникациялар қызметінің» ақпарат алаңында өткен брифингте Қызылорда облысы ТЖД бастығының орынбасары Бекболат Әдіқадыров мәлімдеді.**

# ҚАУІПСІЗ ҚЫС: ТЖД ӨҢІРДІҢ ДАЙЫНДЫҒЫН МӘЛІМДЕДІ



– Облыс аумағында жалпы ұзындығы 3 420 шақырым болатын автожолдар жүйесі бар. Оның 1 016 шақырымы – республикалық, 2 404 шақырымы – жергілікті маңызы бар жолдар. Қысқы кезеңде болуы мүмкін төтенше жағдайларға ден қою үшін барлық күш-құрал толық дайындыққа келтірілді, – деді Бекболат Қайырбекұлы.

Айтуынша, республикалық және жергілікті маңызы бар жолдарда қысқы кезеңдегі болуы мүмкін төтенше жағдайларды жоюға барлығы 234 техника мен 118 автономды электр көзі әзір. Оның ішінде 110 қар тазалағыш техника, 81 инженерлік машина, 1 эвакуациялық және 42 арнайы қар тазалағыш құрал бар.

– Қыс мезгіліндегі қауіп-қатерлердің алдын алу үшін қажетті жанар-жағармай мен инертті материал қоры да жеткілікті. Республикалық маңызы бар жолдардағы қыс мезгілінде болуы мүмкін төтенше жағдайлардың алдын алу мен олардың салдарын жою мақсатында әзірленген жанар-жағармай материалдарының қазіргі таңда дайындыққа келтірілгені 94 тонна бензин, 210 тонна дизель отыны жинақталды. Инертті материалдарға тоқталсақ, 10 477 текше метр құм, 2761,66 тонна тұз, 150 тонна көмір дайын. Сонымен қатар облыс бойынша жалпы 354 дана ескерту жол белгілері орнатылған

Ал жергілікті маңызы бар жолдарға әзірленген жанар-жағармай материалдарының қазіргі таңда 40 тонна бензин, 114 тонна дизель отыны дайындыққа келтірілген. Дайындалған инертті материалдар 9 117 тоннаны құрайды. Оның 1842 тоннасы тұз, 7275 тоннасы құм, – деді ол.

Айтуынша, облыста қысқы кезеңде туындауы мүмкін төтенше жағдайлардың алдын алу және оған жедел әрекет ету мақсатында іс-қимыл шараларының жоспары нақтыланған. Бұл бағытта құлақтандыру жүйелерінің жұмысқа дайындық деңгейі, байланыс құралдарының тұрақтылығы, сондай-ақ төтенше жағдайларды жоюға тартылатын авариялық-құтқару қызметтерінің күш-құралдары мен олардың дайындық жағдайы жан-жақты тексерістен өткізілген.

Сонымен бірге жеке құрамның жасақталуы, техникалық жабдықталуы, қажетті мүлікпен қамтамасыз етілуі толық сарапталған. Медициналық резервтің, азық-түлік пен материалдық-техникалық қорлардың көлемі мен олардың сақтау талаптарына сәйкестігі қаралып, қолданыстағы автономды энергия көздерінің дайындық деңгейі де бақылаудан өткен.

Облыста қыс кезінде қауіп төндіруі мүмкін бір ғана учаске бар – Арал ауданындағы Қамыстыбас–Аманөткел–Бөген бағытындағы 26 шақырымдық жол бөлігі. Бұл аймаққа ерекше бақылау орнатылған.

– Облыс аумағында 12 жылыту пунктті жұмыс істейді. Олар Қызылорда–Жезқазған, Самара–Шымкент бағыттарындағы қауіпті учаскелерде орналасқан. Қатты боран немесе көліктердің қар құрсауында қалуы сияқты жағдайларда жылыну, тамақтану және уақытша паналау мүмкіндігін беретін пункттердің барлығы тексерістен өтті. Барлық нысан толық дайын, – деді ТЖД бастығының орынбасары.

Спикер өз сөзінде 20-21 қарашада Арал қаласында өтетінін «Қыс–2025» командалық-штабтық оқу-жаттығуына да тоқталды.

– Қызылорда облысы әкімінің 2023 жылғы 30 желтоқсандағы №20-3/7147 «Азаматтық қорғаудың басқару органдары мен күштерін дайындау жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары» орындау мақсатында 2025 жылғы 20-21 қараша аралығында «Қыс–2025» облыстық командалық-штабтық оқу-жаттығуы Арал қаласында өтеді. ОКШОЖ тақырыбы «Қысқы кезеңдегі жағдайларда төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі іс-қимылдарға азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің басқару органдары мен күштерін дайындау».

«Дабыл-1001» сигналы түскеннен кейін азаматтық қорғаудың облыстық аумақтық кіші жүйесінің органдары мен күштері, СМС хабарламалар арқылы облыстық, қалалық, аудандық Төтенше жағдайлар комиссияларының мүшелері құлақтандырылады, – деді ол.

Аталған оқу-жаттығудың негізгі мақсаты – қысқы кезеңдегі төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою бойынша азаматтық қорғау жүйесінің дайындығын пысықтау.

Сондай-ақ «Қарғын-2002» сигналына сәйкес облыстық штабтан түскен тапсырма бойынша оқу-жаттығудың практикалық бөлігі үш кезеңмен өткізіледі. Алғашқысы автокөлік жолындағы жол көлік оқиғасы болса, екіншісі іздестіру-құтқару жұмыстары, соңғы бағыт су жүйесі ғимаратындағы апат.

Жалпы оқу-жаттығуға 120 азаматтық қорғау қызметтерінен 367 техника, 1 184 қызметкер жұмылдырылған.

– Облыстық басқару органдары, азаматтық қорғау қызметтері және облыстық төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлерімен оқу-жаттығуға жүктелген міндеттер толығымен орындалды. Берілген тапсырмалардың шешімдері дер кезінде оқу-жаттығудың облыс штабына жолданады, – деді Бекболат Қайырбекұлы.

Брифинг соңында Төтенше жағдайлар департаменті қысқы кезеңде кез келген төтенше жағдайдың алдын алу және салдарын жою бойынша барлық шаралар бақылауда болатынын жеткізді.

**Аружан МАРАТҚЫЗЫ**

# АУЫЛДАН ТЫҢ КӘСІП АШУ КЕРЕК



**Өзі Сырдария ауданына қарағанымен, географиялық тұрғыда облыс орталығына жақын Аманкелді ауылында кәсіптің көзін табу оңай емес. Өйткені, қаладағы кәсіпті ауылға әкелгеніңмен оның жүріп кетуіне кепілдік жоқ. Бірақ егер өз салаңның озығы болсаң, онда сені әлемнің қай түкпірінен де іздеп келетіндер табылады. Аманкелділік жас Батыржан Құрманқожаев осылай ойлайды. Үнемі ізденісте жүретін оның кәсіп туралы ойлау көкжиегі кең. «Ауылдан кәсіп ашқың келсе, ешкімде жоқ тың саладан бастау керек» дейді ол.**

– Осыдан екі жыл бұрын автокөлік жуатын орын аштым. Ол кезде ауылда мұндай нысан болмаған. Кейіннен тағы бір көлік жуу орны ашылды. Ешқандай мемлекеттік бағдарламаға қатыспадым. Барлығын өз қаражатыма дайындадым. Ал кәсіп өзін-өзі бірден ақтайды деген болмайды. Ол уақыт өте келе шығынын жабады. Негізі кәсіпке деген көзқарасты өзгерту керек, – дейді ол.

Батыржан Жантөреұлы жан-жақты ізденіп жүреді. Ол елде жоқ кәсіп түрін ашып, тыңнан түрен салуға дағдыланған. Бүгінде оның «Нұрмұқан» дүкені азық-түлікпен бірге көліктің қосалқы бөлшектері мен көлік жөндеуге қажетті аксессуарларды сөреге қойып үлгерді. Ондағы мақсат та сол: халық болмашы дүниені алуға ат арытып қалаға барып, шығынға ұшырамауын қалағанынан.

– Мәселен, көліктің жарық-шамының лампалары күйіп кетуі мүмкін, болмаса орағыш заттар керек болады, тоқ жағынан кішігірім қажет бұйымдар болуы мүмкін. Оның бәрін ауылдың төріне әкеліп, дүкен сөресіне қойып қойдым. Алдағы уақытта көлік жөндеу орталығын да ашқым келеді. Өзімнің қолымнан келеді. Бір уақыттары облыс орталығында көлік жөндеу орталығында автоэлектрик болып та еңбек еткенмін. Тәжірибе де бар. Қазірдің өзінде қаладан іздеп келіп жатады, – дейді ынталы азамат.




Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі деген ұғым тек қана үлкен кәсіпорындарда ғана емес, ел арасындағы шағын кәсіпкерлікте де болуы тиіс заңдылық. Батыржан осы ұғымды ә дегеннен-ақ санаға сіңірген. Сұранысқа сай жұмыс істеуді дағдыға айналдырыпты.

– Кәсіппен айналысу үшін оны түсіну керек. Ал түсінбей істеген ісіңде көкке өрлеуің мүмкін емес. Кәсіпті жан-жақты зерттеу керек. Ынтаң мен жігерің болғаны жөн. Елге қызмет етуді басты мақсатқа айналдырасың. Өйткені, сенің кәсібіңді жүргізетін халық. Міне, осындай алгоритм кәсіпкердің басты формуласына айналуы керек. Алған тәрбиеміз де – халыққа қызмет ету, елдің батасын алу, – дейді ол.

Бойындағы қабілетін кәсіпке айналдырып, елге қызметті басты нысанаға алған Батыржан «кәсіпті 0 теңгемен бастауға болады» деген ойдың кей кәсіпке мүмкін, кейбіріне жуымайтынын айтады.

– Кәсіпті бастадың, байып кетесің деген ойдан аулақ болған жөн. Әрине, кейбір кәсіпті нөлден бастай аласың. Ал кейбірінде қаржылық қорың болуы керек. Әйтпесе, алға жылжи алмайсың. Мәселен, құрал-жабдық алуың керек, ғимарат алуың керек, шикізатты сатып аласың деген сыңайдағы жұмыс батаға берілмейді. Бұл жерде алдымен жан-жақты зерттеп алып, содан кейін білек сыбанған жөн, – дейді ол.

Алақандай ауылда өзіне табыс әкелетін кәсіп ашуда үнемі ізденісте жүретін талапшыл жас алдына қойған мақсатқа табандылықпен қадам басып келеді. «Ізденген жетер мұратқа» деуші ме еді?! Осы сөз рас болса, Батыржанның да бағындырар белесі мол екені даусыз.

**Дәулет ҚЫРДАН,**
**Сырдария ауданы.**

ХАЛЫҚ ҮНДЕУІ

# «ЕСІРТКІСІЗ ӨМІР – ҒАЖАЙЫП ӨМІР!»

Құрметті жас ұрпақ!

Өмір – адамға бір-ақ рет берілетін баға жетпес қазына. Сол қазынаны қадірлей білейік. Есірткі – адамды үмітсіздік пен қайғыға итермелейтін, болашақты қараңғылыққа айналдыратын у. Ол тек тәнді ғана емес, жанды да жаралайды, арман мен мақсатты жояды.

Бүгінгі жастар – ертеңгі елдің тірегі. Сондықтан әрбір жас өз тағдырына жауапкершілікпен қарап, өмір жолында дұрыс таңдау жасауы қажет. Салауатты өмір салты – мықты денсаулықтың, биік жетістіктің, жарқын болашақтың кепілі.

Таза ой, адал еңбек, ізгі ниет – адамды алға жетелейді. Бір сәттік қызық үшін өз болашағыңды құрбан етпе. Есірткіге әуестену – өмірден безу, ал өмірден безу – ата-ана, ел алдындағы борыштан безу.

Біздің мақсат – жастардың санасына өмірдің шынайы құндылығын ұялату. Өмірдің ең үлкен байлығы – деннің саулығы мен рухтың тазалығы.

**Өмірге – «ИӘ!», есірткіге – «ЖОҚ!»** деп бәріміз бірге айтайық!

Есірткісіз өмір – бақытты өмірдің кілті!

**Қабылбек Нұрай Батырбекқызы,**
М.Мәметова атындағы Қызылорда жоғары педагогикалық колледжінің 2-курс студенті
Қызылорда қаласы, 2025 жыл

*Басы 1-бетте*

Асхат САЙЛАУ, облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері:

# ШАХ-ШАХ ШАТҚАЛЫН ПАЛЕОНТОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНГЕ АЙНАЛДЫРУ КЕРЕК

**– Асхат Қожагелдіұлы, таяуда ғана өңірден табылған динозавр сүйегіне байланысты айтып өтсеңіз... Қазір әлем қызығушылығын тудырған сияқты.**

– Бұл – тарихқа дейінгі кезең. Біздің ғылым әлі оған қызығушылық таныта қойған жоқ. Негізінен күн жүйесінің пайда болғанына 4 жарым миллиард жылдан астам уақыт болды. Ғалымдар археозой, палеозой, мезозой және кайназой деп төрт кезеңге бөліп қарастырса, біздің өмір сүріп жатқан кезеңіміз – төртіншісі. Динозаврлар 230-240 миллион жыл бұрын пайда болған. Оны триас кезеңі деп атайды. Олардың тіршілігінің гүлденген уақытын юра және бор дәуірі. Қармақшыдан табылған динозаврға келсек, ол мезозой эрасының бор кезеңіне жатады. Бұл біздің өңірден табылғандықтан аралозавр деп аталады. Палеонтолог Анатолий Рождественский алғаш тауып, тарихқа осы атпен енген.

**– Қазір облыстық тарихи өлкетану музейінде тұрған аралозавр осы ғой...**

– Иә, дұрыс айтасыз. Бізде музейде қазір палеонтология және табиғат залы ашылды. Бұл залды ашуға түрткі болған дүние – музей қорындағы динозавр сүйектері. Мен осында жұмысқа келгенде сүйектер кіріспе залында тұратын. 2015-2016 жылдары музейге экспозиция жасаған кезде де солай тұрған. Ал жаңа музей ашылған кезде бізге осындай бөлім құру идеясы келді. Басшымыз Сапар Алиасқарұлы осындай жаңалыққа жаны құмар, тың бастаманы жақсы көретін жан. Неге бізге палеонтология залын ашпасқа деп ойландық. Музей қорындағы бар заттарды зерделей келе, 1958 жылы Қармақшыдағы Шах-Шах шатқалынан табылғанын көрдім. Осы деректі қуалай отырып, 50 жылдардың аяғы мен 60 жылдардың басында Ресейде жарық көрген жұмыстардың ішінен біраз палеонтологтардың жазбаларын байқадым. Олардың әрбірінде 1958 жылы Қармақшы ауданының территориясынан табылған динозаврдың сүйегі табылғанын, оған 1968 жылы А.Рождественсикий деген палеонтолог аралозавр деп ат қойғаны үзік-үзік келтірілген.

Рождественскийдің айтуы бойынша, Шах-Шах шатқалы – Орталық Азиядағы ең бай фаунаға ие орындардың бірі. Мұнда теңіз жыланынан бастап, птерозаврларға дейінгі 6 түрдің, 50-ден астам омыртқалы жануар түрі анықталған. Аралозавр – солардың бірі ғана.

**– Қармақшы ауданынан табылды, бірақ неге Аралозавр?**

– Өйткені Арал өңірі – үлкен стратегиялық аймақ. Археологияда да Арал маңы, Арал аумағы деген географиялық тіркестер көп кездеседі. Сырдарияның төменгі ағысы, орта ағысы деген атаулар кейіннен дүниеге келген. Аймақ ол уақытта тұтасымен Арал өңірі деп аталған. Сондықтан аралозавр деген атау берілді. Бізде арыстанзавр, батырозавр деген де бар. Бір түсінбейтінім, қазіргі адамдар оған күле қарайды. Шетелде де солай. Қай жерден табылды, сол жердің атын қояды. Мәселен, яксартазавр деген де бар. Мысалыяндертал адамы дейді. Біздің заманымызға дейінгі 30-40 мың жыл бұрын өмір сүрген. Олар Германияның Яндер өзенінен табылған. Сондықтан яндерталдық деп атап кеткен. Ғылымға солай енген. Күліп жатқан бір адам жоқ. Бірақ біздің арыстанзавр, батырозавр, аралозаврға күледі екен.

**– Бұған не себеп?**

– Бұл біздің қоғамның ғылымда әлі артта келе жатқанын көрсетеді. Өз дәрежесіне сай мән беріп жүрген жоқ. Палеонтология біздің кешегі зерттеп жатқан біздің заманымызға дейінгі IV-V ғасырларда өмір сүрген сақ кезеңінен басталатын зерттеу деп түсінеміз. Тіпті оның арғы жағында ең ежелгі қоныстар палеолит кезеңіндегі Қаратаудағы Арыстанды өзеніндегі Бөрікқазған, Тәңірқазғанды айтып жүрміз дейік. Оның арғы жағында да тіршілік болды ғой.

Шах-Шахқа қайта оралайық. Қазан айында біз арнайы экспедиция ұйымдастырдық. Бір күн болдық. Жетпіс жыл бұрын Рождественский қазған жердің топырағы кеше қазғандай болып жатыр. Ол жерде



сол қар суының жолынан бірнеше сүйек таптық. Демек, сол жер қыртыстарында әлі де көп сүйек бар. Ол жердің табиғаты керемет. Ол жерлерден каньондарды, пәлен миллион жыл бұрынғы топырақ қыртысын да көруге болады. Қабат-қабат болып сақталып тұр. Динозаврлардың бор кезеңінде өмір сүргенін айтып өттік қой, ол жерден борды да табуға болады. Бор дәуірінің кристалдары да бар.

**– Асхат мырза, бұл бұрын табылған дүние. Сенсация деп айтуға бола ма?**

– Иә, сенсация емес. Бірақ біз,



2012 жылы бельгиялық ғалымдар қазба жұмыстарын жасапты. Олардың не істеп, не қойып, неге қазып жатқанына қызығушылық тудырған бір адам жоқ. Жергілікті халық ол жерде динозаврдың сүйектері бар екенін біледі екен. Біз көп нәрсе сұрастырдық. Халық көп нәрсені біледі, бірақ ғылымға енгізу, жаңа нәрсе табу дегенге ешкім қызықпаған.

Біз барған кезде шатқалдан қар еріп, жылғалар пайда болғанда қазақстандық экспедиция кеше бардық. Бізге дейінгі барғандар бір жыл қазып кете салмаған, бір қазба жұмысының өзі бірнеше кезеңнен тұрған. Бельгиялықтар табылған сүйектерді Қазақ ғылым академиясының палеонтология бөліміне өткізген. Осылайша елдеріне барып, Еуропаның ең мықты журналдарына мақала жазады. Біздің кемшілігіміз – осы ғылыми жаңалыққа мән бермегеніміз. Өзімізден табылған



керемет жәдігерді, құнды дүниені көрмегеніміз.

Олардың жазбаларына сүйенсек, аралозавр – гадрозаврлар тұқымдасына (Hadrosauridae) жататын шөпқоректі динозавр. Оның ұзындығы шамамен 8-10 метр, биіктігі 3-4 метр болған деп есептеледі. Бас сүйегінің ерекшелігі – мұрын бөлігіндегі қуысты өсінділер, ол дыбыс шығаруға немесе жұптасу рәсімдерінде қолданылған болуы мүмкін. Табылған сүйектердің фрагменттеріне қарағанда, бұл динозавр өз заманындағы ең алғашқы ламбеозавриндердің (Lambeosaurinae) бірі болған.

**– Демек, бұған дейін көңіл бөлінбеді. Палеонтологиялық жәдігерлерге назар салынбады. Неге?**

– Себеп біреу. Бізде мамандар жоқ. Палеонтологтар жоқ. Мамандар болмағанның өзінде біз осы елдің перзенті ретінде үлкен палеонтологиялық аймақ ретінде тіркеп, мемлекеттік қорғауға алуымыз керек. Ол жер жай жатпау керек. Қазақтың кең даласында осындай қанша құндылық жатыр. Көз алдымызда тұр. Ал орыстар оны 70 жыл бұрын зерттеп кетті. Олар жазбасында Қазақстанда, Қызылордада, Қармақшыда табылды деп жазады. Бірақ тапқан, іздеген орыстар. Бұл аралозаврды мен ұлттық музейден де көрген жоқпын. Есесіне, Қызылордада, облыстық музейдің төрінде тұр. Мақтаныш емес пе?! Әрине.

**– «Ештен кеш жақсы» дейді ғой. Бәлкім, туристік аймаққа айналдыру керек шығар...**

– Әрине, бұл жерден біз палеонтологиялық кешен ашуымыз керек. Қазақстанда өзі 7-8 ғана палеонтологиялық кешен бар. Біз Шах-Шахты тағы зерттер болсақ, ол жерді үлкен аймақ етіп, қоршап, тарихи кешен ретінде мемлекеттік тіркеуге алуымыз керек. Жанжағындағы табиғаты да керемет. Каньондардың өзі неге тұрады? Өзіміздің жерімізде де осындай кереметтер бар екенін көрсетуіміз керек. Қармақшыдан 80 шақырым жерде ғана жатыр. Жолын салып, баруға жағдай жасасақ, қандай керемет. Қазақтың кең жусанды даласы. Ол жерде тек Шах-Шах емес, бірнеше тарихи жер бар. Арғы жағында Жауқашты – жоңғарларды тоқтатқан жер. Тасын түртсең, тарихы төгіп салатын кереметтер бәрі. Біздің бір қасиетіміз, кері тартатынымыз. Әлеуметтік желіге салғанда да қоғамда орны бар, салмақты сөйлейді деген тұлғаларымыздың өзінің ойы ауласынан аспай тұр. Көп адам руханияттан алыстап, дүниенің айналасында қалған сияқты. Кейбірі тіпті Құран Кәрімде динозавр болмаған дегенді де айтып жүр.

**– Дей тұрғанмен, палеонтология – адам қызықтыратын сала. Облыстық музейдегі аталған бөлімге келушілердің қызығушылығы жоғары шығар...**

– Әрине, Еуропадан келген туристердің қызығушылығы керемет. Өйткені мұндай бөлім біздің елде аз. Алматыда бар, ұлттық музейде және Павлодардағы Ертіс музейінде бар. Көп жерде экспонаттар аз.

**– Кеше Шах-Шахтан табылған сүйекті біз палеонтология залынан көре аламыз ба?**

– Ол сүйектерді Қармақшы ауданына тапсырдық. Динозаврдың омыртқа сүйегі болуы мүмкін. Сосын тағы біреуі тырнақ немесе тіс. Бұл жағдай ақпарат әлеміне шығып кеткен соң бізге жан-жақтан хабарласты. Ресей ғалымдары шықты.

Егер біз жоғарыда айтқандай, палеонтологиялық аймақ етіп қоршап, туристерге жағдай жасасақ, бір үлкен динозаврдың мүсінін қойсақ, қандай керемет. «Парк юрского периода» деген фильм бар. Сондағыдай етіп, динозавр мүсінін, суретін көрсетіп, таныстсақ, әлем бізге ағылады. Ол жердің табиғаты осыған сұранып тұр. Адам қолы тимеген, қазылмаған жер көп, ЮНЕСКО-ға да ұсынсақ, өтіп кететіні анық. Ал оған енген аймаққа міндетті түрде туристер барады.

Тағы бір айта кетерлігі, шатқалға қарап тұрып, кезінде бұл маңда теңіз болғанға ұқсайтынын байқадым. Шатқалда судың іздері сайрап тұр. Бәлкім, осы жердің бәрі теңіздің табаны болуы ғажап емес. Мұхит болуы да мүмкін. Қазір Аралдың теңізінің орны бар ғой, бұрынғы жағасы. Дәл сондай болып тұр. Олай деуімізге тағы бір себеп: Рождественский бұл жерден тек динозавр емес, құстардың да сүйегі табылғанын айтқан.

**– Палеонтология залына кіргенде алдыңызда аралозаврдың қаңқасы тұр. Бір уақытта дауыс шыға бастайды. Қай тұсымнан келіп қалады екен деген қорқыныш та болатынын айту керек. Осы дауысты қалай, қайдан алған?**

– Қазір әлемдік ғылым көп дамыған. Динозаврдың табылған бас сүйегіндегі кеңсірігі, тұмсығы, ауа жұту тесіктері арқылы оның дауысының да қалай шыққанын анықтай алады. Ауыз қуысын зерттеу арқылы динозаврдың дауысын салатын дәрежеге жеткен. Ал біз қазақ «әлемде динозавр болмаған» деп әлі жүрміз. Абай «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» дейді. Қазаққа ғылымның шыңын бағындыратын уақыт әлдеқашан келді.

**– Біздің музейде тұрған экспонат – аралозавр. Оны кім, қалай жасады?**

– Музейді жасаған жігіттерге біз Алматыдағы музейге кезінде бельгиялық ғалымдар тапсырған сүйектердің барын айттық. Соған бағыт-бағдар бердік. Олар сипаттама бойынша жасап шығарды. Жасауға болды, өйткені оның бас сүйегі тұтас табылған. Міне, сол бойынша жасап шығарған аралозавр қазір біздің палеонтология залында көпшіліктің қызығушылығын тудыруда. Егер арыстанозавр, батырозаврлардың бас сүйектері табылып жатса, дене тұрқы зерттеліп жатса, оларды да жасап қоюға болады.

Қазіргі балалар мұндайды тек ертегіден, фантастикалық кинолардан ғана көрген. Биіктігі екі жарым метр, ұзындығы 8 метр, салмағы 5 тоннаға дейін барған, жағында үш қатар тіс, мың шақты тісі бар аралозаврды көру, жанына жақындап бару олар үшін өте қызық болары сөзсіз. Тек балаларға ғана емес, үлкендерге де ерекше қызық.

**– Ендігі жоспар қандай? Шах-Шах шатқалы келер жылы зерттеле ме?**

– Жоспар бар. Келер жылы барлау жұмыстарын жасағымыз келеді.

**– Сұхбатыңызға рахмет.**

Әңгімелескен
***Дәулет ҚЫРДАН,***
Суретке түсірген
**Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

# Спортқа жаңа серпін



**Спорт – адамзат тарихында ерекше орын алатын, бәсекелестік, жетістік және бірлік ұғымдарын біріктіретін сала. Ол әлеуметтік, экономикалық және мәдени аспектілерді қамтиды. Кейінгі жылдары еліміздің спорт аренасында айтарлықтай өзгерістер мен жаңа үрдістер байқалды.**



Үлкен халықаралық жарыстар, соның ішінде Олимпиада ойындары, футболдан әлем чемпионаттары, түрлі континенттік чемпионаттар жаңа деңгейге көшті. Дегенмен, қазіргі жағдайда бұл іс-шаралар тек спорттық бәсеке ретінде емес, сонымен қатар жаһандық саясат пен экономиканың маңызды құралына айналуда. Олар туризмді дамытып, инфрақұрылымды жақсартып, елдің халықаралық аренадағы имиджін қалыптастыруға ықпал етеді. Жуырда облысқа ҚР Туризм және спорт министрінің орынбасары Бауыржан Рапиков жұмыс сапарымен келді. Ол Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында баспасөз конференциясын өткізіп, БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

– Қазіргі таңда елімізде 8,4 миллион адам спортпен және дене шынықтырумен шұғылданады, ал Қызылорда облысында бұл көрсеткіш 42,1 пайызды құрайды. Біздің негізгі мақсаттардың бірі – спорттық инфрақұрылымды дамыту арқылы халықтың спортқа қолжетімділігін арттыру. Өздеріңізге белгілі, жақында Қызылорда қаласында 11 мың көрерменге арналған, УЕФА талаптарына сай, заманауи жабыны бар стадион пайдалануға берілді. Сонымен қатар III Интернационал, Дүр Оңғар, Жақсықылыш, Бесарық, Ақай ауылы мен Жалағаш кентінде спорт кешендері ашылды. Аққыр және Досбол Датқа ауылдарында ангар типтес спорттық залдар салынды. Елордада Ұлттық спорт университетінің құрылысы аяқталуға жақын. Бұл оқу орны тек білім беру мекемесі ғана емес, сонымен бірге көпсалалы спорт және ғылыми орталық болмақ. Бұдан бөлек, спорт саласын цифрландыру да басым бағыттардың бірі. Дене шынықтыру мен спорттың цифрлық платформасын (E-Sport) іске асыру аясында министрлік пилоттық режимде негізгі жүйенің 3 модулін іске қосты. Жүйені толық енгізу 2026 жылға жоспарланып отыр,– деді Бауыржан Серікбайұлы.

Министрдің айтуынша, министрлік жетекшілік ететін маңызды сала – туризм. Қазақстанның бірегей табиғаты мен бай мәдени мұрасы бар. Жалпы 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша, облыстағы туристік қызмет көрсету көлемі 1,5 млрд теңгені құрап, 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 66,3 пайызға артты.

Облыстағы туристердің жалпы саны 53,6 пайызға өсіп, 103 мың адамға жуықтады. Оның ішінде ішкі туристер саны – 97 мың болса, сыртқы туристер 6 073 адамды құрады.

Туристік ағынның өсуі туризм саласына салынған инвестицияның ұлғаюымен қатар жүреді. 9 айдың қорытындысы бойынша облыста 45,6 млрд теңгені құрап, 2024 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 2 есе өсті.

– Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Париж олимпиадасынан кейін спорт саласына өзгерістер енгізу туралы бірқатар тапсырма берді. Соның аясында биыл 15 сәуірде «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңына қол қойып, маусым айының 15-і күні осы заң жобасы күшіне енді. Заң жобасы аясында 62 нормативтік құқықтық актілер жасалып, оның ішінде бірқатар өзгеріс орын алды. Мәселен, бұрын спорт клубтарында легионерлер мемлекет тарапынан қаржыландырылатын болса, қазір бұл үрдіске шектеу қойылды, – деді ҚР Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары Аманбай Нұрмұханбетов.

Сонымен қатар спорт клубтарын қаржыландыру бойынша да лимит бекітіліп, мүмкіндігі шектеулі азаматтарды алып жүруге арналған адамдарға да қаржы төленетінін атап өтті. Қазіргі күні спортшыларға ай сайынғы қамсыздандыруға арналған айлық жалақы да біріздiлікке түсті. Сондай-ақ спорт мекемелерінің басшыларын тағайындау нормативтік-құқықтық актілері бекітіліп, төрт жылдан көп отырған спорт мекемелерінің басшыларына ротациялау тәртібі енгізілді.

Сыр өңіріндегі спорт жаңа деңгейге өтті. Жақында бұл саланы алға тарту үшін көптеген шара жүзеге асады. Бұл Қызылорда спортшыларының атын танытып, өңірде жаңа ахуал тудырады деп сенеміз.

**Мерей ШӘКРАТ**

# Қатігездік қайдан шығады?

**Басы 1-бетте**

**БУЛЛИНГ: ЖАҢА ЗАМАННЫҢ «ЖАРАСЫ»**

Мектеп дәлізінде бір-бірін итермелеп, әлеуметтік желіде мазақтап, чаттарда топтасып қорқыту бүгінде күнделікті көрініске айналып кеткен. Буллинг жаңа ғасырдың жалаң қылышы секілді. Көрінбейтін жара салады. Таспаға түсірілген мазақтау, желіде тараған қорлау сөздер, фейк аккаунттардың артындағы «жасырын жауынгерлер» – барлығы жасөспірімнің жүрегіне оқ болып қадалады. Мұндай оқтың жарасы терең, тыртығы ұзақ сақталады.

Бала эмоциясын меңгермесе, ішіндегі арпалыс сыртқа агрессия болып шығады. Виртуалды әлемде жасалған әрбір келемеж еш кедергісіз тарайды, ал буллингтің құрбаны болған жасөспірім айығуы айларға, тіпті жылдарға созылмасына кім кепіл?

– Статистикалық мәліметтерге назар салсақ, кейінгі 10 ай ішінде қала көлемінде кәмелетке толмағандар қатысты 32 қылмыстық дерек, кәмелетке толмағандарға қарсы 76 қылмыс, сондай-ақ жастардың суицидке баруына қатысты 7 факт тіркелген. Бұзақылық, топтық төбелес, денсаулыққа қасақана ауыр зақым келтіру, ұрып-соғу, тонау-ұрлық және жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстардың жасалғаны анықталды, – дейді қала прокурорының орынбасары Сая Темірбекова.

Қатігездік аспаннан түскен жоқ. Әр дүниенің бастау бұлағы бар.

Алдымен отбасы. Үй ішіндегі дауыс көтеру, түсініспеушілік, бір-біріне деген құрметтің болмауы бала жадында сақталады. Қазіргілердің тілімен айтқанда «травма» қалдырады. Үйде көргенін мектепте қайталайды.

Екінші орта – құрдастар. Жасөспірім үшін бедел бәрінен маңызды. Өз орнын табу үшін кейде қой терісін жамылған қасқырдың рөлін ойнайды. Біреуді кемсітіп, біреуді басып, біреуді мазақтап бедел жинауды күш деп есептейтіндер көп. Бірақ бұл нағыз әлсіздіктің белгісі.

Балалардың санасында ерлік, мықтылық туралы дұрыс ұғым қалыптаспағанда өз «мықтылығын» әлсізге күш көрсету арқылы дәлелдейді.

Интернеттің де осы тұрғыда үлкен рөл атқаратынын есте сақтайық. Зорлық, анайылық, біреуді қорқыту секілді контенке толы бұл айдын жасөспірімге батырлықтың жаңа образы секілді көрінеді. Жас санасы экрандағыны еліктеп қайталауға дайын тұрады.

**МЕКТЕПТЕГІ «АҚША ЖИНАУ» ЖҮЙЕСІ**

Ата-аналар чатында тоқтамайтын жіберілімдер, әр ай сайын жаңа сылтаумен сұралған ақша, мерекелік шара, фото-видео түсірілім, сыйлық, безендірудің астарында мәдениет емес, мәжбүрлік бар екені рас.



Бірақ одан да ауыр дүние деп оқушылардың өзара ақша жинауын атасақ болады. Сыныптағы әлсіз балаға «бүгін ақша әкел», «тамаққа бер», «ертең тағы әкел» деген сөздер айтылуы мектеп ішіндегі жасырын криминал секілді. Ең өкініштісі, мұны кей ұстаз біледі, бірақ үндемейді. Ал ата-аналар бейғам, себебі қазір бәрі жұмысбасты һәм немқұрайлылық басым.

Баланың жанайқайын естіп тұрса да, «бәріміз де солай өстік» деп жеңіл ғана қол сілтейтін, мөлдір көздегі мұңды көрмей қалуға тым бейім қатқыл дағды. «Мұндай біздің де басымыздан өткен, бірақ бізге ештеңе болмады ғой» деп басталатын жалған жұбатулар, «әр жігіттің басынан өтеді, есесіне сені сыйлайтын болады» деген ескі ұғымға шырмалған қате түсінік бүгінгі жас санаға жіпсіз байланған жүк болып отыр. Зорлыққа жол ашатын осы бір қасаң көзқарас «ит қапса да үндемейтін» баяғы түсініктің жаңғырығындай. Алайда заман өзгерді. Қоғамның көз жұма қарауы – отпен ойнағанмен бірдей. Бейғамдықтың бағасы кейде тым ауыр. Дәл осындай қате пікірден басталған селқостық талай тағдырды тас-талқан етпесе екен...

Осы орайда мыңдаған қаралым жинап, аталған проблеманың басын ашып көрсеткен «105» сериалы көпшіліктің жүрегінен орын тапты. Режиссері – Даулет Бекмағанбетов, ал идеяның және сценарийдің авторы Абзал Қамбаров.

Сериалдың басты кейіпкері – Аслан. Ол әкесінен айырылып, кейін жеке мектептен қарапайым мектепке ауысуға мәжбүр болған. Жаңа ортада ол күштілердің ережесімен жүру керегін және әлсіздер бұл ортада қысым көретін жүйемен бетпе-бет кездеседі. Бастапқыда Аслан үнсіздікті таңдайды, алайда ол оның үнсіздігі оны бұл қылмысқа қатысушы ететінін түсінді. Асланның кейпін «Omir» жобасымен танылған Шокан Чупанбаев сомдады.

**«РАЙОН» МӘДЕНИЕТІ НЕГЕ ӘЛІ ТІРІ?**

Кезінде «район» деген сөздің өзі төбелес, топтасу, «өз аумағын қорғау» дегенді білдіретін. Уақыт өтті, қоғам өзгерді, бірақ бұл ұғым жоғалмады. Тек формасын ауыстырды.

Бүгінде «район» мәдениеті жаңа реңкпен жасөспірімдер арасында қайта тіріліп жатыр. Әлеуметтік желіні ашсаң болды, «біздің Батыс», «Алматы тек алматылықтар үшін», «Қазақстанды ұстап тұрған Шымкенттің жігіттері» деген ойды алға тартатын контент көп. Бір Қазақстанның территориясын бөлісе алмай жүргендердің видеолары қаптап тұр. Қарап тұрсаң, солардың «өтірік патриот» болып жатқанына куәміз, бірақ өзі тұрып жатқан қала үшін жасаған бір қайырымды ісін көзіміз шалған кез сирек. Десе де меншіктеп алуға машық. Күлкілі. Себебі мұндайларды мақтап, жағымды пікір жазатындардың қатары қалың. Яғни олардан да үлгі алатындар бар.

**СЕН – ЖАЛҒЫЗ ЕМЕССІҢ!**

Жасөспірім кезең адам өміріндегі ең қиын уақыттардың бірі болып есептеледі. Бұл кезде жасөспірім не бала болып асыр сала алмайды, не ересек сияқты жауапкершілік пен шешім қабылдауға дайын емес. Алғашқы себептердің бірі деп өзіндік бағаның қалыптаспауын атасақ болады. Өз құнын дұрыс түсінбеген жас адам кейде өзін жоғарылатудың орнына, өзгелерді кемсітіп, үстемдік орнатуға тырысады.



Келесі себеп – әлеуметтік салыстыру. Желідегі жасанды бақыт, жасанды байлық, жасанды сұлулық баланың психикасына салмақ түсіреді. Ол өзін өзгеден төмен сезінсе, агрессия арқылы кек алады. Ал үшінші себепке эмоционалдық жалғыздықты» жатқызамыз. Бұл кезде баланың жанын тыңдайтын құлақ жоқ болса, ол айғаймен сөйлеуге тырысады. Бұл айғай кейде мазақтау, кейде күш көрсету, кейде өзін де, өзгесін де жаралау болып шығады.

Ерте есею – себептер тізімнің төртінші сатысында. үйінде тұрмыстық қиындықты көріп өскен, ата-ананың шаршауын сезген, отбасындағы ерегісті көрген бала ішінде жиналған ауыртпалықты бір жерден шығарады. Ал ол жер кейде мектеп болуы мүмкін.

**МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІМІ НЕДЕ?**

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген дана халқымыз. Ата-ана – баланың алғашқы айнасы. Үй ішінде сыйластық болмаса, түсіністік болмаса, ашу үстем болса, мәселе ушыға бермек.

Кей ата-ана баласының жан жарасын түсінбей, «шыда», «ойын шығар», тіпті «өзің де кінәлісің» деп айтатыны бар. Бірақ бұл сөздер үнсіз майданда жалғыз шайқасып жүрген баланың сеніміне селкеу болады. Себебі балаға ең керегі сенім мен ашық әңгіме.

Келесі маңызды орта – мектеп. Бұл – тек білім беретін мекеме ғана емес, ол нағыз тәрбие ошағы.

Алайда бүгінгі мектептің жүгі тым ауыр екенін айтпасқа болмайды. Мұғалімнің уақыты есеп пен құжатқа кетеді, тәрбиеге жетпейді. Психологиялық қызметтің жүктемесі көп, маман саны аз, ресурсы тапшы.

Буллинг фактілері кейде тіркелмейді, себебі мектеп беделі төмендейді.

Жабулы қазан жабулы күйінде қалып, бірнеше баланың тағдыры тәлкекке түсіп жатқан болар бәлкім? Бұл да мүмкін, себебі мұны көзбен көріп жүрміз. Алайда жалғыздың дауысы алысқа естілмейтінін де білеміз.

Білім ордасында буллингке қарсы нақты ереже, нақты жауапкершілік болуы тиіс. Әр оқушы, мұғалім, ата-ана мұны білуі керек. Психологиялық қызмет күшейтіліп, әр балаға жеке көмек көрсетілетін жүйе жасалса игі.

Сондай-ақ жастар уақытын пайдалы өткізуге бейімделсе мұндай бассыздыққа уақыт та табылмас еді. Спорт, өнер, үйірме секілді шығармашылық кеңістік неғұрлым көп болса, соғұрлым агрессия азаяды. Республика бойынша бірыңғай байланыс орталығы – әйелдер мен балаларға арналған «111» сенім телефоны жұмыс істейді. Егер сіз жәбірленуші немесе буллингтің куәгері болсаңыз бейғам қалмауыңызды сұраймыз!

Ең үлкен қауіп – үнсіздік. Үнсіз қалу – проблемаға жол беру және оның қатысушысы болу дегенді білдіреді. Осыны есте сақтап, адамгершілікті «жалған намыстан» биік қойып үйренейік.

**Қорлан САРЫ**



# САҚАЛДЫҢ ДА СЫРЫ БАР

**Басы 1-бетте**

Исламтану тұрғысынан сақал мәселесі ғасырлар бойы талқыланып келе жатқан күрделі тақырып. Жалпыға ортақ тұжырым – сақал қою парыз емес, көп ғалым мен мазһаб өкілдері оны сүннет деп қарайды. Дегенмен мазһабтар арасындағы ұстанымдар әртүрлі.

Бір хадисте Пайғамбарымызға мұрты кеудесіне түскен елшінің жағдайы жайлы айтылып, Алла елшісі одан мұртын неге қысқартпайтын сұрағанда «Мұны маған әміршім бұйырды» деп жауап қатады. Сонда Пайғамбар «Маған Алла Тағала сақал қоюды бұйырды» деген екен. Ал басқа хадистерде «Сақал-мұрттарыңды қысқартып жүріңдер» деген сөздер бар. Бұл хадистердің мағыналық талқылануы мен мәтін мәніне қатысты ғалымдар әрқилы тұжырымдар жасады. Ханафи мазхабында сақалдың бір тұтамнан аспауы сүннет деп саналса, Малики мазхабында сақал қою – уәжіп яки міндетті деп есептеледі. Тіпті оны қыру не қырқу күнә. Бірақ мөлшерден тыс өсірсе қысқартуға болады. Ал Шафии мазхабында сақалды қыру – мехрук, яки ұнамсыз әрекет саналады, алайда харам деп толық қатаң айтылмайды. Ханбали мазхабы сақалды уәжіп амалға жатқызады.

Ережесінде біраз айырмашылық болса да, төрт мазһаб та сақал қоюды жалпы парыз деп бекітпеген. Мысалы, Мысырдағы пәтуа шығару басқармасы 2013 жылғы баяндамада сақал қоюды парыз емес, мұстахаб, яғни Жаратқанға ұнамды амал деп атап өткен.

Осыдан түйгеніміз – хадис мәтіндері мен шариғи әңгімелер бір жүйеге түспей, әр дәуірдің, әр өңірдің ғалымдары әртүрлі түсіндірме жасағанын байқаймыз. Сондықтан сақалды парыз деп қатаң белгілеу қайшылықтың себебіне айналатындықтан, көп жерде оны сүннет ретінде қарау әділ деп есептеледі.

Сақалға байланысты түрлі діни пәтуалар мен ғалымдардың ойлары ұсынылып келеді. Әл-Азхар ғалымдары сақалды уәжіп емес, сүннет амалдары қатарына жатқызады деген ұстанымда. Имам Науауи, Әбу Уалид ибн Рушд, Қади ибн Журра, Имам Ғазали сияқты шоқтығы биік ғалымдар да сақалдың уәжіп емес екенін ескерткен. Ибн Таймия мен Ханбали бағытындағы кейбір ғалымдар сақалды уәжіп санағанымен, жалпы ислам ғұламалары арасында бұл тақырыпта нақты дәйек жоқ. Сондықтан «сақал қою уәжіп» дейтін адамдар да, «сүннет» дейтіндер де бар – маңыздысы, мұны жеке адамның сенімі мен ол өмір сүріп жатқан қоғамның жағдайымен салыстырып қараған жөн.

**Салт-дәстүріміз сақал жайлы не дейді?**

Қазақ қоғамында сақал – ұлттық дәстүр мен тарихи мәдениеттің бір бөлігі. Әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Тәуке хан, Төле, Қазыбек, Әйтеке билер мен Абай, Шәкәрім, Ыбырай Алтынсарин және тағы басқа ұлы тұлғалардың сақалдары ұлттың рухани бейнесін қалыптастырған. Сол себепті сақалдың қадір-қасиетін түсіну – мәдени мұраны құрметтеу іспетті.

Қазақ халқы сақал-мұрт қоюды ежелден жігіттік көрік, ақсақалдық, біліктілік белгісі деп санаған. Ел ішінде айтылатын «сөздің көркі – мақал, жігіт көркі – сақал» деген сөз бекер емес. Дәстүрге сәйкес, мұртты ерте жастан қою әдеті де бар, ал ресми сақал қою – келін түсіріп, немере сүйгеннен кейінгі белгі ретінде қарастырылған. Сақал сонымен қатар қоғамда беделдің, ақсақалдықтың, жауапкершіліктің нышаны. Адамның сақалы арқылы қоғамдағы орны, абыройы сөзсіз-ақ біліініп тұрған. Сондықтан сақал – тек сыртқы сән емес, мінездің, ұстанымның әрі тұлғалық жауапкершіліктің белгісі болған.

Алайда бүгінде сақал қою үрдісінің жаппай жастар арасында қаптауы, оны идеологиялық белгіге айналдыру әрекеттері қоғамда алаңдаушылық туғызып отырғаны жасырын емес. Мұндай үрдіске қарсы тұрудың ең тиімді жолы – ақпараттық мәдениетті арттыру, жастарға тарих пен дінді терең, жан-жақты түсіндіру, сондай-ақ қоғамдық тәртіп пен құқықтық нормаларға сәйкестендіру қажет. Себебі жиырма мен отыздың арасындағы талай жас жігіттердің дінді алға тартып, ретсіз өсірген сақалдары еріксіз назарыңды аударады. Мұндайда дәстүрлік өлшем қалып, діннің де әсіре ұстанымдары алға озып бара жатқанын байқау қиын емес.

Қазақ арасында «әкесі тірі адам сақал қоймайды» деген қағида бар. Бұл – сақалды мүлде алып тастау емес, қайта жасына, салтына лайықтап ретімен өсіру дегенді білдіреді. Сол себепті ер адамға жарасымды етіп жинақы өсірілген сақалды халық «қырма сақал» деп атаған.

Бүгінде қоғамда сақал қою – бір жағынан жеке таңдау, басқа жағынан – діни немесе саяси символдарды анықтау құралына айналып барады. Бұл үрдіс қоғамда үрей тудырып, сақалдылардың барлығын бір топқа жатқызатын стереотип тудырып: «сақал – жат ағымның белгілерінің бірі ме?» деген сұрақтар пайда болды.

Дінге ешкім шектеу қоя алмайды. Бірақ бұрынғы қазақ тәмсіліне салсақ, ер-азаматтың сақалын шектен тыс өсіруі – әкесін соңғы сапарға шығарып салып, қырыққа таяп, шаңырақтың үлкеніне айналған кезде үйлесімді көрінетін құбылыс болған. Сонда адамның жас жағынан да, жол жағынан да қай деңгейде екені сырт көзге анық біліініп тұратын еді.

Бүгінгі жастардың дінге бет бұруын біреу құптар, біреу құптамас. Алайда шектен тыс талапшылдыққа салынып, асыра орындауға бейім болып кететіні өкінішті. Бұл – бабалардан жалғасқан діни дәстүрмен қабыспай, бір уақыт үзіліп қалғанының да белгісі.

Сонымен қатар жұмыс орнындағы кешенді талаптар да сақалға қатысты шиеленістер тудырады: «Жұмыстан сақалыңды қыр» деген талапқа ұшырағандарға қатысты күнделікті тәжірибе – сақал мен иман арасындағы шатасудың айқын көрінісі. Тіпті осы талапқа қарсы шығып, жұмыссыз жүргендердің де қарасы қалың көрінеді. Мұнда маңызды жайт – сүннет пен парызды ажырата білу, адамның иманы мен сыртқы келбетін бір-бірімен шатастырмау.



Қорытындылай келе айтарымыз, сақал – әркімнің жеке таңдауы, дәстүрдің, діннің және заманауи өмір сүру мәдениетінің қиылысындағы нәзік те терең белгі. Сақал мен иман байланысына қатысты қатаң қарама-қайшылықтарды жою үшін бізге түсіністік, білім және мәдениеттілік қажет. Дінді, дәстүрді, және қазіргі қоғамның талаптарын бір-біріне қайшы келмейтіндей үйлестіре білгенде ғана сақал тақырыбы айқын түсінікке келіп, қоғамымыздың ішкі татулығын нығайта алады.

**А.МАРАТҚЫЗЫ**

**Жуырда Қызылорда облысы әкімдігі және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұйымдастыруымен «Мұстафа Шоқай мұраларын зерттеудің өзекті мәселелері: тарих, таным және тағылым» тақырыбында халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Мұстафа Шоқай – Алаш қозғалысының төл перзенті, Алаш идеялары мен мұраттары аясында қанаттанған, қазақ, өзбек және басқа да түркі халқының ұлттық бостандығы үшін күресінің стратегиясы мен тактикасын дүниеге әкелген қайраткер. Осы орайда алаштықтың жолын жалғастырушы ғалымдар оның саяси идеялары мен ұлт үшін атқарған қызметін ұлықтады.**




# ШОҚАЙТАНУҒА ЖАҢА СЕРПІН БЕРІЛДІ

Конференция Мұстафа Шоқайдың өмірі мен мансабы туралы бейнероликпен басталды. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының ірі өкілі, түркі дүниесінің ұлы перзенті Мұстафа Шоқайдың туғанына 135 жылы аясында ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан елдерінің ғалымдары мен зерттеушілері, БАҚ өкілдері, қоғамдық ұйым өкілдері, магистранттар мен докторанттар қатысты. Конференция жұмысы пленарлық және секциялық отырыс түрінде өтті. Ғалымдар мен сарапшылар Мұстафа Шоқайдың өмір жолы, саяси-қоғамдық қызметі, публицистикалық және ағартушылық еңбектері, сондай-ақ оның идеяларының қазіргі кезеңдегі өзектілігі жөнінде баяндамалар жасады. Конференцияның пленарлық мәжілісінде алғашқы сөз Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, педагогика ғылымдарының кандидаты Мейрамбек Шермағанбетке берілді. Пленарлық мәжілісте Түркия, Мимар Синан көркем өнер университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы – Әбдіуақап Қара, АҚШ, Мичиган университетінің құрметті профессоры, филология ғылымдарының докторы – Тимур Кожаұлы, Халықаралық ислам академиясының профессоры тарих ғылымдарының докторы – Саидакбар Саидович, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, профессор – Раджабов Қаһромон, Азербайжан ҰҒА тарих және этнология институтының бөлім меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор – Гюллю Йологлу, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары – Қасымхан Бегманов, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанындағы Ислам ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымының кандидаты, доцент – Төрәлі Еділбайұлы, PhD, Қазақстан Жазушылар одағы Балалар мен жасөспірімдер әдеби жанрлық кеңесінің төрағасы – Елдос Тоқтарбай, Мұстафа Шоқайтану ғылыми орталығының жетекшісі, саяси ғылымдарының докторы, профессор – Әбдіжәлел Бәкір баяндама жасады.



Конференция Мұстафа Шоқайдың саяси-құқықтық, публицистикалық және ағартушылық мұрасын кешенді түрде зерттеу, оның мемлекетшілдік идеяларының қазіргі кезеңдегі өзектілігін айқындау және Мұстафатану ғылымының дамуына жаңадан серпін беруді мақсат етті.

2016 жылы университет базасында құрылған «Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығы бүгінде жүйелі бағытта жұмыс істейді. Ғылыми орталық ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен бірнеше ғылыми жобаларды жүзеге асырып келеді. Жоба нәтижесінде «Мұстафа Шоқай энциклопедиясы», бірнеше монография, оқу құралдары жарық көрді. Сонымен бірге 2023 жылдан бастап университеттің «Тарих» мамандығы бағдарламасына «Мұстафа Шоқайдың мемлекетшілдік мұраты» атты 4 кредиттік пән енгізілді.

Конференция соңында қатысушылар Мұстафа Шоқайдың еркіндік пен әділет жолындағы күресі – қазіргі Қазақстанның тарихи жадын, рухани тәуелсіздігін және мемлекетшілдік дәстүрін қалыптастырудағы маңызды іргетас екенін атап өтті.

Конференция қорытындысында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жанынан тұрақты түрде жұмыс істейтін «Мұстафа Шоқай мұрасын зерттеу жөніндегі халықаралық ғылыми кеңес» құру, Мұстафа Шоқайдың шығармашылық және саяси мұрасын цифрландыру, оның еңбектерінің толық академиялық жинағын бірнеше тілде дайындау, ашық электрондық «Mustafashokay.kz» цифрлық платформасын іске қосу, Мұстафа Шоқайдың 135 жылдығына арналған халықаралық ғылыми еңбектер жинағын басып шығару және тарату туралы шешім қабылданды.

Алаш қайраткерлерінің есімін мәңгі есте қалдыру үшін Қызылорда қаласында дарияның сол жағалауында «Алаш қайраткерлері аллеясын» ашу, Қызылорда облысы, Шиелі ауданын «Мұстафа Шоқай» ауданы деп атау, мектептер мен колледждерде жыл сайын оқушылардың ғылыми конференциясын, эссе байқауларын, дебаттурнирлерін, интеллектуалды ойындар, олимпиада сияқты іс-шараларды дәстүрлі форматқа енгізу мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде демеушілер есебінен жыл сайын конкурс негізінде білім алушыларға «Мұстафа Шоқай» атындағы білім грантын, «Мұстафа Шоқай» атындағы стипендия тағайындау туралы ұсыныстар айтылды.

Конференцияның соңында қоғам қайраткерінің мұрасы жинақталып, бірнеше тілге аударылған кітаптардың тұсаукесері өтті.

Мұстафа Шоқайдың 135 жылдығына орай өткен шара туралы Гуманитарлық-педагогикалық институтының деканы Сағат Тайманұлы пікір білдірді.

– Конференция сипаты мен мазмұны жағынан жоғары деңгейде өтті. Себебі көптеген жаңа идея айтылды. Мұнда Мұстафа Шоқайдың жаңа қырлары ашылып, оны зерттеуде жаңа әдістер ұсынылды. Бұл қайраткердің мұрасын зерттеудің жаңа кезеңі басталады деген сөз. Мұнда Алаштың көрнекті өкілінің энциклопедиясы жарық көрді, оның француз тіліндегі еңбектері қазақ тіліне аударылып, «Яш Түркістандағы» мақалалары үш томдық кітап болып шықты. Бұл Мұстафа Шоқай ғылыми орталығының 10 жыл көлемінде атқарған еңбегінің есепті конференциясы болды деп ойлаймын, – деді ол.

Бұл шара Алаш қайраткерінің мұрасын зерттеудегі жаңа кезеңнің басталғанын айқындайды. Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан сияқты елдерден келген ғалымдардың басын қосқан конференция, Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметіне қатысты тың деректер мен жаңаша көзқарастарды ортаға салды. Бұл Мұстафа Шоқайдың мемлекетшілдік идеяларының бүгінгі Қазақстан үшін маңызын айқындап, оның мұрасын тереңірек зерттеуге жаңа серпін бергені сөзсіз.

**Мерей ШӘКРАТ**



# СӨЗ ДЕ, ӘРЕКЕТ ТЕ ЖАЗАЛАНАДЫ



Басы 1-бетте

Әуелі кейстерді толықтыруды жөн көрдік. Әр өлеңі тыңдарман жүрегіне жол таба білетін, ТМД елдеріне танымал әнші Jah Khalib 2022 жылы тыңдарманның көңілін қалдырды. Ол отандық подкасттың бірінде нәзік жандарға қатысты пікір білдіріп, хейттің астында қалды. Міне, сол уақыттың өзінде жоққа шығару мәдениеті басталған-ды. Бұл сөздерден кейін «Jah Khalib-тың әндерін плейлисттен өшір» деген секілді түрлі акция басталды. Тіпті концертіне бармай, желідегі парақшасына жаппай шағым түсті. Арада 3 жыл өтсе де қазақстандықтар әншінің бұл пікірін әлі де ұмытар емес. Кейінгі концерттері де бірнеше рет кейінге шегерілген еді.

Шоу бизнестегі «Меломен» тобының әншісі Ғабит Бибасыұлы экс-әйелін ұрғаны үшін хейттің астында қалды, сонымен қатар былтыр футболдан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Станислав Черчесовтің қазақ тілін кемсітуге тырысқаны туралы бейнематериал кең тарап, қоғам наразылығын туғызды. Ұлттар лигасы аясында Словениямен өткен матчтан кейінгі баспасөз конференциясында журналист Станислав Черчесовке қазақ тілінде сұрақ қойған. Бас бапкер тілшінің сөзін бөліп, «Французша сөйлеп тұрсың ба?» деп мысқылдады. Қоғам наразылығынан кейін Туризм және спорт министрлігі Қазақстан футбол федерациясынан түсініктеме беруді талап етті.

«Жазбада видеоның үзіндісі көрсетілген. Негізі бұл сұрақты Францияның ПСЖ клубының формасын киіп жүрген журналист баспасөз мәслихатында қойғаннан кейін бас бапкер әзілдеп жауап қайтарған болатын. Станислав Черчесов қазақ тілі мен еліміздің мәдениетіне үлкен құрметпен қарайды, сонымен қатар қазақ тілін белсенді түрде оқып жатқанын мәлімдейміз», – деп жауап берді федерация.

Кейіннен федерация басшысы Черчесовке айыппұл салынғанын айтты. Федерация мәліметінше, айыппұл соммасы – 738400 теңге.

«Үміткерге қазақ тілін білу маңызды емес». Дәл осы сөйлем үшін Forte Bank өкілі кешірім сұрады. Осы кезде қаржы ұйымының қызметінен бас тартқандар да болды. Жағдайды нақтыласақ, бос жұмыс орны туралы хабарландыру жариялап, онда үміткердің қазақ тілін білуі маңызды емес екенін жазған Forte Bank-тың айтуынша, хабарландыруды жасанды интеллект әзірлеген. Алайда банктің жауапты қызметкері оны тексермеген.

«Тіл мәселесі, оның ішінде қазақ тілі елімізде өте маңызды екенін білеміз және түсінеміз. Болған жағдай үшін кешірім сұраймыз. Мамандарымыз шұғыл түрде тексеріс жүргізіп, қателік роботтан кеткенін анықтады», – деді банк басшысы.

Ал биыл «cancel» жасалатын тізімге актер Нұрсұлтан Жақсыген, әзілкеш Тұрсынбек Қабатов пен Ақсұңқар есімді әнші де тізіле жаздап тұр. Кейінгі айларда әлеуметтік желіде қызу талқыға түскен Мөлдір Мұқанованың сұхбаты күннің өзекті талқысына айналғандай. Подкасттардың бірінде ол Тұрсынбек Қабатовтың көңілдесі бар екенін айтып, жылап қалды. Осы сұхбаттан кейін әлеуметтік желі қолданушылары екіге бөлінді. Бірі Тұрсынбекті шеттету керек, концертіне де бармау керек екені жайлы жазса, енді бірі адамның жеке өмірі мен шығармашылығын ажырата білу керек екенін алға тартты. Осы жағдаймен қатар Threads платформасында актер Нұрсұлтан Жақсыген – «Жаманген» деп танылды. Актердің экс-жұбайы ажырасқаннан кейін де Нұрсұлтанның маза бермей жүргенін, түрлі балағат сөздер жазатыны жайлы жайып салды. Тіпті актердің бойына қатысты әзіл аралас хейт таралды, онымен қоса нөмері жарияланып, жекесіне көптеген хабарлама жазғандар да бар.

Сәл кейінгі шегінсек, мешітте болған оқиға естеріңізде ме? Жаз айының бірінде Ақтөбедегі мешітте ер адам қыз балаға тиіспек болып, желіде видеосы тарады. Бірі бойжеткенді жақтаса, енді бірі даттап та үлгерді. Осы уақыта әнші Рүстем Жүгінісов: «Әйелдің мешіті – оның үйі. Ер азаматтар үшін мешітте намаз оқу дұрыс болса, әйелдер үшін үйде оқығаны абзал. Өздеріңізден де кінә бар. Біреулер өзіне бай іздеп жүр деп ойлауы мүмкін. Сондықтан намызыңызды үйде оқыңыздар», – деді. Ал сәйкесінше қоғам да кері реакция білдірді, әлеуметтік желі, түрлі парақша мен сайттарда әншінің сөзі түсреді. Бұл айтқандары оның інісі Мирас Жүгінісовке де әсер етпей қоймады. Оның да парақшасына теріс пікір жазатындардың қатары көбейді. Кейінірек ағасының сөзі үшін кешірім сұраған Мирасқа кей тыңдарманның жүрегі жібісе де, кейбірі мұны ауқымды концерттегі билетін өткізудің амалы деп түсінді.

Бұл жазғанымызға, келтірген мысалдарға қарап құлды бір әлеуметтік желідегі өсек-аяңдарды оқығандай күйде болуыңыз мүмкін. Десе де бұл ұғым біздің де елде үрдіске айналып келе жатқанын көрсетеді. Енді терминнің өзіне, төркініне ойыссақ. Бұл – батыс елдерде туған тәжірибе. Мұндай процесте айыптаушы мен айыпталушы деген екі тарап болады. «Cancel culture» – белгілі бір адамды, тұлғаны, әсіресе танымал, ел алдында жүрген адамдарды теріс әрекеті, айтқан сөзі үшін қоғамдық қолдаудан айыру үрдісі. Жеңілірек айтсақ, қоғам оның әнін тыңдамайды, концертіне бармайды, қызметін қолданбайды, ол түскен фильмдерді көрмейді, келісімшарттар бұзылады, ол тұлғадан немесе компаниядан халық бас тартады.

«Cancel» сленгі 1980 жылдары «қарым-қатынасты үзу» деген ұғым ретінде қолданылған. Ал белгілі бір тұлғаның жағымсыз әрекеттері үшін оны бойкоттау немесе қолдаудан бас тарту мағынасында тек 2010 жылдары қолданыла бастаған. Бір қарағанда бойкот пен «cancel culture» бір ұғым секілді. Осы жерден ара-жігін ажыратсақ, бойкот қандай да бір ұйымға наразылық ретінде ұйымдастырылып, оның тауарынан, қызметінен бас тартуды білдіреді. Ал «кәнсілдеу мәдениеті» көбіне жеке адамдарға қарсы бағытталады. Тағы бір ескеретін жайт, «cancel culture» кезінде адамның жеке басына тіл тигізуге, заңға қарсы әрекет жасауға болмайды.

Мамандар не дейді? Қарастырайық.

**Ақсұлу Саңғали, PR маман:**

«Кәнсілдеу бүгін ғана белең алған жоқ. Ол кез келген қоғамда бұрыннан бар дүние. Тарихты қарасақ, теріс айналдырып, есекке мінгізіп жіберу бізде болды ғой? Болды. Ол да кәнсілдеу. Бертін келе, Кеңес Одағын алып қарасақ, коммунистік партиядан шығарып жіберу, пионерлікке алмау – ол да кәнсілдеу. Ал қазір оның тек формасы өзгерді».

**Роза Әшірбек, коуч:**

«Серік Шәріпке кәнсіл жасаған секілді Нұрсұлтан Жақсыгенді де кәнсілдеу керек дейсіздер. Қосыламын. Бірақ кәнсіл жүзеге асу үшін бизнес өкілдері де қосылуы керек.

Серік Шәріп бір мезетте кинодағы премьерадан қалды, келісімшарттары үзілді.

Нұрсұлтанды қолдайтын әйгілі адамдар барда оны кәнсілдей алмайсыздар. Кәнсілді оған ақша төлейтіндерден бастау керек».

Ендігі сауал – адамға әсері қандай? «Cancel culture» немесе «кәнсілдеу мәдениеті» тек әлеуметтік немесе кәсіби салаға ғана емес, адамның психологиялық жағдайына да ауыр салмақ түсіретіні анық. Мамандардың айтуынша, қорқыныш, сенімсіздік, қоғамнан оқшаулану секілді процесс жүреді. «Жаппай сынға қалу адамның достарынан, әріптестерінен, тіпті отбасы мүшелерінен алыстап кетуіне әкелуі мүмкін. Танымал тұлға өз кәсіби ортасында оқшауланып, жеке өмірі де өзгереді. Кәнсілденген адам жиі өзін кінәлі, құнсыз сезінеді. Әлеуметтік желідегі негативті пікірлер мен бойкот




психологиялық қысымды күшейтеді, бұл кейде ұзақ мерзімді депрессияға немесе стресс жағдайына апарады», – дейді психолог. Ал ең қорқыныштысы жастар «қателессең, қоғам сені тез өшіреді» деген түсінікке үйреніп кетуі мүмкін. Бұл олардың тәуекелге бару қабілетін төмендетеді, шығармашылық еркіндігін шектейді, психологиялық қысымды күшейтеді.

Ендеше жастардың ойын, пікірін білсек:

– Менің ойымша, «cancel culture» – екі қырлы құбылыс. Бір жағынан, қоғамның әділетсіздікке немқұрайлы қарамайтынын, танымал тұлғалардың да жауапкершіліктен қашпау керек екенін көрсетеді. Адамдар өз сөзінің, өз әрекетінің салдарын түсінуі керек. Екінші жағынан, бұл үрдіс кейде шектен шығып, нақты фактілер толық тексерілмей жатып адамдарды жаппай айыптауға әкеледі. Әр адам қателесуі мүмкін, сол қателіктен сабақ алуға, түзелуге мүмкіндік те берілуі тиіс. Сондықтан бұл үрдіске біржақты қарау қиын. Оның пайдасы да, зияны да бар. Ең маңыздысы – эмоциямен емес, әділдік пен ақылға сүйеніп әрекет ету, – дейді қала тұрғыны Хасен Зейнулла.

Ал Нұрбол Нұрланұлының айтуынша, жаңа Қазақстанның құндылықтарына сәйкес, қоғамға әділдік пен жауапкершілікке шақыратын тетіктер ауадай қажет.

– Иә, әділдік пен жауапкершілік қажет. Алайда батыстың «бас тарту мәдениетін» толық көшіру, диалогтан гөрі қоғамдық соттауға жиі әкеліп соғады. Сондықтан бізге «бас тарту мәдениеті» емес, адамның беделін толық жоюға емес, оның қателігін түзеп, дамуына мүмкіндік беретін «жауапкершілік мәдениеті» қалыптасу керек деп санаймын, – деп пікір білдірді ол.

Шетелдік кейстерге шолу жасасақ, бүгінде Оңтүстік Кореяның шоу бизнесі әлемді мойындатқаны рас. Бұл елде қанша жерден танымал болса да, жауапкершіліктің жүгінен ешкім құтылған емес. Тіпті қисық басқан қадамың мектеп шағында орын алған болса да, оның жазасы тым қымбат. Мысалы 32 жастағы корейлік актер Ким Джи Су 2021 жылы «cancel culture» үрдісімен бетпе-бет келді. Мансабы шарықтап, жұлдызы жанған шағында актердің мектеп кезінде буллинг жасағаны анықталды. Оның сыныптастары актерді жасөспірім кезінде қатыгездік көрсетуге, қорлауға жақын болғанын айтып айыптаған еді. Әуелі тек әлеуметтік желіде



талқыланған бұл оқиға бірнеше сағат ішінде түрлі парақша мен ақпарат порталдарына тарады. Мұндай айыптау жарияланғаннан кейін көп уақыт өтпей-ақ Ким Джи Су түсіп жатқан дораманың түсірілім жұмысы тоқтап, келісімшарты бұзылды. Компания үшін біршама шығын болса да, актер түскен эпизодтар басқа адаммен қайта түсірілген еді. Бұл «cancel culture»-дің Кореядағы қатаң және жылдам іске асатынын көрсетті.

Актер көпшілік алдында кешірім сұрап, айыптаулардың кейбірін мойындады. Бірақ әлеуметтік желідегі қысым, түрлі негативтегі видео мен посттар, халық алдында жоғалған сенім актер үшін үлкен соққы болғаны рас. Арада бірнеше жыл өткен соң актер жұмысын қайта бастауға талпынды. Десе де бас тартқандар көп болған. Қоғамның ашу-ызасы, реніші, жылдам реакциясы, «қолыңмен істегенді мойныңмен көтер» дегендей...

Биыл жыл басында 25 жастағы актриса Ким Сэ Рон өз үйінде өлі күйде табылды. Суицид себебі белгісіз, бірақ көбінің айтуынша, мұндай қадамға «cancel culture» себеп болған. 2022 жылы актриса масаң күйде көлік айдап, жол апатына түсті. Содан кейін ол медиадағы жанжалдың басты кейіпкеріне айналып, сонымен қатар кәсіби жолында үзіліс алды.

Кинематография тарихында ерекше рөлімен есте қалған десек артық айтқанымыз болмас, расымен түрлі образымен көрермен жадында жақсы сақталған Джонни Депптің де мансабында түрлі кезең болды. Голливудтың алтын тізімінде көш бастап жүрген жұлдыз бір сәтте-ақ зорлық-зомбылық жасады деп айыпталып, мансабы күрт құлдырады. Экс-жұбайы, актриса Эмбер Хердпен құрған некесі жанжалмен аяқталған еді. Сол уақытта сынның астында қалып, фильмде енді мүлдем бой көрсетпейді деген де әңгіме шыққаны рас. 2020 жылы Warner Bros Джонни Депті бірнеше фильмнен алып тастап, медиа кеңістікте оның есімі абьюзер және қара тізімдегі адам ретінде танылды. Кейін 2022 жылы сот актердің пайдасына шешім шығарып, Эмберді жала жапты деп таныды.

Көрермен үшін ерекше актер Джеймс Франко да 2018 жылы қара тізімге енді. Жасөспірімдерге тұрпайы қылық көрсетті деген ақпарат тарап, шамамен 5 жылға экраннан алыстады. Ит үреді, керуен көшеді дегеніміз дұрыс па, білмеймін, араға жылдар салып қара тізімдегі адамдар сахнаға, экранға тәй-тәй басып қайтадан қадам жасап жатыр.

«Cancel culture» жазылмаған заң секілді, иә? Қағазда көрінбейді, десе де салмағы ауыр, ал үкіміне тіптен қарсы шығу мүмкін емес. Себебі үкімі де, жүгі де ауыр. Қолмен жасағаны ғана емес, айтқан сөзіңді де мойныңмен көтертеді. Ісіміз бен сөзімізге абай болайық!

**Інжу МАРЖАН**



# ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ БІР КҮННІҢ ОҚИҒАСЫ

**(естелік-әңгіме)**





Түсінікті болуы үшін әңгімемді сәл ертеден бастайын. 1983 жылы Мәскеудегі Еңбек Қызыл Ту орденді Бүкілодақтық мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының (қазіргі Л.К.Эрнст атындағы федералдық зерттеу орталығы) күндізгі аспирантурасын бітірдім. Бірақ түрлі себеппен уақытында ғылыми жұмысымды қорғауға үлгірмедім. Маған өзім оқыған институттың сол кездегі Целиноград (қазіргі Астана) қаласында орналасқан Қазақстандағы филиалына қызметке жолдама берілді. Бірақ ата-анам дайын үйің жоқ, өзі суық қалада не істейсің дегендей болды. Содан елге келіп еңбекке араласып кеттім. 1985 жылы тамыз айында Мәскеуге барып диссертациямды алдын-ала қорғаудан өтуге тиісті болдым. Ол кезде бұрынғы Тереңөзек ауданы Қазақ ССР 50 жылдығы атындағы совхозда (қазіргі Н.Илиясов ауылы) тауарлы сүт кешенінің бастығы (ферма меңгерушісі) болатынмын. Ғылыми жетекшім – академик Жиряков Александр Михайлович қайта-қайта шақырып жатқан соң, шаруашылық басшысы, Сыр елінің ардақты ұлдарының бірі, Социалистік Еңбек Ері Алдекеңе (Алдаберген Бисенов ағамызға) жағдайымды айттым. Алдекең білім, ғылым жайлы мол хабары, түсінігі бар кісі, «барасың, бірақ мынадай шартым бар» деді. Сондағы алдыма қойған шарты – Қызылорда сүт комбинатына бүгінгі жіберген сүт мөлшерін тағы үш күн түсірмей ұстап тұр деді. Түбі жіберетінін ішім сезгенімен, шарттың аты шарт – орындау керек.

Шілде айының соңғы күндері, күн күйіп тұр. Сауылып тұрған 600 бастан аса сиырдың алдына уақытында жемшөбін салмасаң, не су ішіп тұрған автомат астаушалар істен шықса, сол күнгі сүт көлемі «сылқ» ете қалады. Осыны ойлап кешенде еңбек етіп жүрген кісілерге (малшы, сауыншы, механизатор, слесарь, мамандар, т.б. барлығы 60 шақты адам) жағдайды түсіндіріп, ағамыздың шартын айттым. Обалы не керек, ол кісілер маған толық қолдау көрсетті. Содан үш күн бойы қалаға жіберілген сүт көлемі артпаса кеміген жоқ. Осылайша алдыма қойылған шартты орындадым. Әрине, өндірістің хас шебері, оның қалтарыс-бұлтарысын беске білетін Алдекең шартты қалай орындағанымды жақсы білсе де үндеген жоқ. Шаруашылықтың бас есепшісін шақырып, менің іс-сапарда ұзақ жүретінімді ескертіп, жол шығындарын тез есептеп, қолыма ұстатуды тапсырды.

Ол кездегі тәртіп бойынша зерттеу мәліметтерін алдымен ғылыми-өндірістік тәжірибелер жүргізілген Ақтөбе және Саратов (Ресей) облыстарындағы асыл тұқымды мал өсіретін екі шаруашылықта баяндап, Мәскеуге қарай жол тарттым. Тамыздың 7-сінде жұмысымның негізгі нәтижелерін өзім оқыған бөлім ғалымдары алдында баяндап шықтым. Сонымен диссертациямның қорғалу мерзімі бір ғана құжатқа – ағылшын тілінен кандидаттық минимум (емтихан) тапсырғаным жайлы қағазға тірелді. Ол кезде аспиранттар үш пәннен емтихан тапсыратын. Мамандық бойынша және философия пәні емтихандарын оқып жүрген жылдары Мәскеуде тапсырған болатынмын. Ал ағылшын тілін мектепте дұрыс оқыған емеспіз (аттестатта баға жоқ). Ол кезде қазіргідей жаппай ағылшын тілін игеру үрдісі жоқ. Орыс тілін білсең, болды дейтін заман.

Содан еңбек ете жүріп, бір жылдан аса уақыт өткесін 1986 жылдың 27 желтоқсаны күні Алматыда, Ғылым Академиясында ағылшын тілінен емтихан өтетін болып, соған құжаттарымды тапсырдым. Қызылордадан Алматыға 22 желтоқсан күні келіп, Достық даңғылындағы Алатау мейманханасының төртінші қабатындағы екі адамдық бөлмеге орналастым. Жанымдағы орынға менен бұрын бір адам жайғасқан екен. Былайша кезде орын табылмайтын мейманханада адам қарасы аз, оның өзінде көпшілігі өзге ұлт өкілдері, соқталдай жас жігіттер. Олардың қимыл-қозғалысынан, дене бітімдерінен қауіпсіздік қызметінің, не басқа арнайы құрылымдардың адамдары екені бірден байқалады. Әйтеуір өзім жатқан қабатта бірде-бір өз қазағымды кездестірмедім.

Негізі Кеңес Одағында бір жерде үлкен іс-шара өтетін болса, не төтенше жағдай орын алса адамдардың жүріп-тұруы шектелетіні бұрыннан белгілі болатын. Оған бір ғана мысал. 1980 жылдың 19 шілдесі мен 3 тамыз аралығында Мәскеуде XX Олимпиада ойындары өткені белгілі. Мен Орынбор қаласындағы іссапарымды аяқтап Бішкек-Мәскеу бағытында қатынайтын №17 жүрдек пойызымен 23 шілде күні Қазан вокзалына келіп түстім. Күндіз-түні дорба арқалаған адамдардан аяқ басар жер қалмайтын, отыратын орын таптырмайтын вокзалдың бос тұрғанына таң қалғанмын. Осыған ұқсас жағдай біздің Алматыда да сәл де болса орын алғаны белгілі. Ол әрине ұлтымызға көп қасірет әкелген Желтоқсан оқиғасымен байланысты екені түсінікті болатын.

Сол күні кешкісін сыртқа шығып мейманхана маңында қар басқан жаяу жүргіншілер жолында біраз жүрдім. Бұл Желтоқсан оқиғасынан кейінгі 4-күн болатын. Көше бойы қаптаған әскери де, милициядан да жасақталған патрульдер. Жол шаршатты ма, ішке кіргесін ұйықтап кетіппін. Түн ортасында, сағат 2-3-тің шамасы болар, есікті ашып бір кісі ішке кірді. Көршім екенін сездім. Ояу жатқанымды білдірейін деп, қозғала бастадым. Сол кезде маған қарата: «Извините, я вас не разбудил?» деп тіл қатты. Мен ояу екенімді айтып, орнымнан тұрып отырдым. Көршім бөлме қараңғы болғасын шам жағуға рұқсат сұрады. Бөлме жарықтанғасын екеуміз әңгімелесе бастадық. Ол «Фрунзеден (Бішкектен) командировкаға келдім, инженер-құрылысшымын» деді. Мен де өз жағдайымды айттым. Таңертең ерте тұрып екеуіміз де өз жұмыстарымызға жинала бастадық. Көршімнен сәл ерте дәлізге шықсам, есік алдында славян тектес екі жігіт тұр екен, мен шығысымен екеуі ішке кірді. Әрине олардың мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің (КГБ) қызметкерлері екенін бірден-ақ сезген болатынмын. Шамасы жаңағы екеуі көрші бөлмелерде жатса керек.

Содан емтихан тапсыратын жерге келсем, «сіздің құжаттарыңызда шетелдік ғылыми мақаланың аударма мәтіні жоқ, ол болмаса емтиханға жіберілмейсіз» дейді. Енді не істеймін? Сол жерде жүрген, тәжірибесі бар, өзім сияқты болашақ ғылыми дәрежеге үміткерлердің бірі «Орталық кітапханаға барып, журнал тауып, сондағы мақаланы аударып, әкеліп беріңіз» деп кеңес берді. Жігіттерден сұрап жүріп мәтінді тез, әрі дұрыс аударатын татар апайдың да мекен-жайын біліп алдым. Уақыт оздырмастан ұмытпасам сол кездегі Ленин көшесінде (қазіргі Абылайхан даңғылы) орналасқан А.С.Пушкин атындағы Мемлекеттік кітапханаға келдім.

Жылдамдатып картотека қарап, Жаңа Зеландия мемлекетінде шығатын «Sheep breeding» (Қой шаруашылығы) атты журналды таптым. Енді ол журналды алайын деп кезекші кітапханашыға келсем, «бұл журнал жалғыз дана, оның үстіне үйге алып кетуге қолға берілмейді» деп көңіл-күйімді күрт түсіріп жіберді. Көшірмесін алайын десем, қазіргідей ұялы телефон, не принтер жоқ. Сол жерде әрлі-берлі теңселіп жүріп, «жығылсаң нардан жығыл» деген «неде болса көрейін» деп бірден «кітапхана директорына кірем» деп шештім. Барсам, қабылдау бөлмесінде 2-3 адам отыр екен, олардың шаруалары тез бітті де, кіру кезегі маған келді. Есіктен имене басып ішке кіргенімде стол басында отырған жас шамасы 50-55-тердегі, келбеті келіскен, жүзі жылы апайдың «келіңіз, отырыңыз» деген сөзі маған еркіндік бергендей болды. Отырып жағдайымды түсіндіріп бола бергенде хатшы қызға біреуді «шақыр» деді. Көп ұзамай есіктен батыл басып орта бойлы орыс әйел кірді. Директор апамыз оған «мына жігітке сұраған журналын 24 сағатқа, яғни ертеңгі сағат 10-ға дейін беріңіз» деп тапсырды. Мен орнымнан тұрып, шарасыз, аса қажет кезде көмек берген апама рақметімді айта-айта жаңағы келген кісінің артынан ере жөнелдім. Ол кісі не орынбасары, не бөлім басшысы шығар деймін мені ертіп бір бөлмеге кіріп, іштегі бір әйелмен сөйлесіп, екеулеп қағаз толтыра бастады.

Бөлме ішінде төрт адам отыр, барлығы өзге ұлт өкілі. Есікке таяу отырған жас шамасы 50-дің ол жақ, бұл жағындағы жігіт есік алдында тапжылмай тұрған маған қарап: «Вы откуда?» деп сұрады. Қызылордадан келгенімді айттым. Ол бетіме қарап: «Вы случайно не из племени акудаев?» деді. Мен де оған қарап: «у казахов такой племени нет, сам я – Аргын» дедім. Сол кезде ол отырған орнында сәл қозғалаңқырап: «О, аргыны – это сила, я уважаю» деп қағазына қайта үңілді. Оның осы сөздерінің мағынасын сол сәтте ой елегінен өткізетіндей жағдайда емес едім. Әрине, арғын тайпасы, оның адамдары жайлы жақсы білетінмін, ал мына кісінің өзі кітапханада жұмыс істейтіні бар, оның үстіне өткеніне апта болмаған желтоқсан оқиғасы бар, оларды қазақтың тарихын, тіпті шежіресіне дейін біле бастағанын, жоғары номенклатураны да саралап зерттей бастағанын көрсеткендей болды.

Қысқасы не керек, мен қолыма тиген журналды алып аудармашы апайдың үйін іздеуге шықтым. Ол кезде қазіргідей қаптаған таксилер де жоқ. Түс ауа Сейфуллин көшесіндегі биік ағаштардан әзер көрінетін ескілеу төрт қабатты бір үйдің үшінші қабатынан қажет пәтерді тауып, қоңырауын бастым. Сәл уақыт өткесін іштен: «Бұл кім екен?» деген әйел даусы шықты. Мен таңертең телефонмен сөйлескен қызылордалық екенімді айттым. Есік ашылғанда алдымда жүзі шырайлы, шашы қардай аппақ, жасы 70-75 шамасындағы әйел тұрды. Ол кісіге қолыма ұстаған журналдағы аударылуға тиіс мақаланы көрсетіп, таңертең сағат 9-дан қалмай алып кететінімді айттым.

24 желтоқсан күні журналды келіскен уақытта кітапханаға өткізіп, аударылған мақаланы академиядағы комиссияға тапсырып, көңілімді бір демдеп, мейманханаға келіп, 27-күні болатын емтиханға дайындала бастадым. Ал қасымдағы жігіт бірге болған 4-5 күн бойы жұмысынан тек түн ортасы ауа келіп жүрді. Әрине, құрылысшы адамның қыста, оның үстіне түнде жұмыс істемейтіні белгілі ғой.

Өз басынан өткен бұл оқиғаларды неге айтып отыр деп ойлайтын шығарсыздар. Ғылым мен білімді өздерінің өмірлік серігі еткен әрбір адам бұл жолдың қаншалықты ауыр, соқпақты екендігін жақсы біледі. Әсіресе Кеңес дәуірін басынан өткерген, осыдан қырық-елу жыл бұрын еңбектерін қорғаған менің алдымдағы ағаларым мен замандастарым. Біздер диссертацияларымызды компьютер емес, қара қағаздың (копировка) күшімен бес дана етіп бастырып (соңғысы зорға көрінеді), слайд емес, қолдан кесте (таблица) жаздырып қорғаған ұрпақпыз. Бұл қиыншылықтардан өзге қорғауға дейінгі жұмыстардың өзі қаншама уақыт, күш-жігерді алатыны айтпаса да түсінікті. Қазіргі уақытта мұның бәрі әжептәуір жеңілдегені тағы белгілі. Мұны өз тәжірибемнен білемін. Себебі 2000-2007 жылдар аралығында 4-5 азаматтың кандидаттық диссертацияларына ғылыми жетекші болдым. Олардың диссертация қорғауына дейін 80-жылдардағыдай қиындықтар кездескен жоқ десем де болады.

Мен осы ғылым жолында өзіме ең қажет кезде қол ұшын берген сол кездегі Алматыдағы Мемлекеттік кітапхана директорының есімін асып-сасып жүргенде есімнен шығарыппын, жазып алуға да көңіл бөлмеппін. Осыған қатты өкіндім. Кейін интернеттен, басқа түрлі деректерден сол кездегі кітапхана директоры, яғни маған көмектескен кісі – Назира Қожахметқызы Дәулетова екенін білдім. Ол кісі де менің әкем туған Қостанай өңірінің тумасы екен. Жалпы кітапхана саласында 40 жыл, оның ішінде 24 жыл басшылық қызметте еңбек еткен (мамандығы – математика пәнінің мұғалімі). Тағы бір айта кетер жай – Н.Қожахметқызы Кеңес Одағының ең жоғары наградасы Ленин орденімен марапатталған еліміздегі жалғыз кітапханашы. Ғылым түгіл бас қайғы болып жүрген сол бір күндерде Назира Қожахметқызы болмағанда менің диссертациямның мерзімінде қорғалуы да екіталай болатын. Ол кісінің негізінен өзге ұлт өкілдері еңбек ететін ұжымды басқара отырып, маған көмек қолын созуын сол кезде әркім әртүрлі түсінген де шығар деп ойлаймын. Әйтпесе дәл сол аласапыран күндері, «қазақ ұлтшылдығы» деген ойдан шығарылған сөздердің аспанда қалықтап тұрған кезінде біреу болмаса біреу «осылай да, осылай» деп әңгіме таратса, ол кісінің еңбек жолының қалай бұрыларын кім біліпті. Бір апта өткен соң 1987 жылдың 4-қаңтарында қағаздарымды қолтықтап, сол айдың 12-де өтетін Ғылыми кеңеске дайындалып үлгіру үшін Қызылордадан Мәскеуге ұшып кеттім.

Осы әңгімеде ғылым жолындағы баспалдақтардың әр сатысында көмектескен, қол ұшын берген екі кісінің есімдерін атадым. Бірі – кеңшар директоры, ауыл шаруашылығы өндірісінің батыры Алдаберген ағам болса, екіншісі – кітапхана директоры, өз ісінің майталманы Назира апам болды. Қазір бұл екі кісі де дүниеден өткен. Түрлі бас қосуларда олардың маған жасаған көмектері жайлы айтудан жалыққан емеспін. Негізі әрбір адам өмірінің түрлі кезеңінде өзіне сәл де болса көмектескен, тілеулес болған кісілердің аттарын атап, жасаған жақсылықтарын айтып жүруін парыздың бір түрі деп есептеймін. Өкінішке қарай, қазіргі заман ағымында қай салада, қай деңгейде болсын, дәл осындай жандардың азайып, керісінше, қара басын күйіттеген, кішкене қызметін пұлдайтын адамдардың көбейіп бара жатқаны қынжылтады.

**Нұрлан МҰХАНОВ,**
«Болашақ» ғылыми-зерттеу институтының директоры





«Қазақ аруы» – бұл тек сұлулық сайысы ғана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтар мен заманауи үрдістерді ұштастыратын байқау. Мұнда еліміздің ең көрікті әрі талантты қыздары бақ сынайды. Бұл жобаның мақсаты – білімді, мәдениетті терең құрметтейтін және болашаққа сеніммен қарайтын XXI ғасырдағы қазақ қызының бейнесін қалыптастыру. Байқаудың ұйымдастырушысы, қазақ еліне танымал продюсер – Баян Алакөзова.

# ҰЛТТЫҚ РУХТЫ ҰЛЫҚТАҒАН АРУ

Жоба 2011 жылдан бастап жүзеге асуда. Әр жыл сайын «Қазақ аруы» көрерменді таңқалдырады. Осы жолы да шоу басқаларына қарағанда ерекше форматта өтті. Байқауда Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген 20 ару бақ сынады. Сайыстың жеңімпазы Талдықорған қаласының тумасы – Дәрия Қуатжан атанды. Ол халықтың назарын өзіне аударып, 26 376 дауыс жинады.

Байқау бірнеше кезеңнен тұрды. Алғашқы турда арулар өздерін таныстырып, өмірлік құндылықтарымен бөлісе, екінші кезеңде қыздар ән айтып, би билеп, өнерлерін ортаға салды. Үшінші – дефиле. Қыздар қазақстандық брендтердің киімінде подиумды бағындырды. Ал төртінші кезеңде қатысушылар қазақ халқының тарихы мен салт-дәстүрлеріне қатысты сауалдарға және логикалық сұрақтарға жауап берді.

Осы сындардан сүрінбей өткен Дәрия Қуатжан тек сұлулығымен ғана емес, сонымен қатар кәсіпкерлік қырымен де ерекшеленді. Ол небәрі 22 жасында «Dari-deiya» атты ұлттық нақыштағы сәнді киімдер брендін құрған іскер ару. Бала кезінен қуыршақтарына көйлек тігіп, анасынан кесте тоқуды үйренген Дәрияның сән әлеміне деген қызығушылығы бүгінде үлкен кәсіпке ұласқан.

Байқау барысында Дәрия өзінің «Көшпенді дала ұрпақтары» атты балаларға арналған этно-коллекциясын таныстырды. Бұл топтамада қазақтың дәстүрлі ою-өрнектері мен тарихи стиль элементтері заманауи дизайнмен үйлесім тапқан. Киім үлгілерінде жүн, зығыр және джинса маталары қолданылып, қазақтың ұлттық сырып тігу тәсілі шебер пайдаланылған. Бұл топтама көшпенділердің қайтпас қайсар рухын, тектілігі мен батылдығын бейнеледі. Ол көрермендер мен сарапшылардың жоғары бағасын алды. Дәрияның өзі айтқандай, «Біздің ұлттық мұрамыз – нағыз қазына, байлық! Оны дәріптеудің бір жолы – күнделікті киюге болатын киім үлгісін жасау».

– Маған дауыс берген барлық жанға шексіз рақмет. Бұл – сіздердің маған кигізген тәждеріңіз. Сол тәжге лайық еңбек етіп, ұлттық мәдениетімізді насихаттауды жалғастырамын. Байқауға қатысқан әр қыз жеңімпаз атағына лайық. Жаса, қазақтың қайсар қыздары, – деп Дәрия Қуатжан өзіне дауыс берген барша халыққа алғысын білдірді.

Әлеуметтік желіде «Қазақ аруына» деген пікір екіге бөлінді. Бірі Дәрияны ең лайықты кандидант десе, екіншісі «Одан да сұлу қыздар барда, Дәрияның «Қазақ аруы» атанғаны дұрыс емес» деп көзқарастарын білдірді. Бірақ бұған қарамастан талдықорғандық арудың осыған дейін атқарған жұмысы, «Instagram», «Tik-tok» қосымшаларында жариялаған сапалы бейнежазбалары, сахнада өзін-өзі ұстау әдебі және жеке брендін қалыптастыруы тәжді иеленудегі басты қаруы болды. Ол сын пікірді елемей, жобада жеңіске лайық екенін көрсете алды.

«Қазақ аруы» байқауы жыл сайын қазақ қыздарының сұлулығы мен парасаттылығын паш етіп, олардың заманауи қоғамдағы орнын айқындауға зор үлес қосып келеді. Дәрияның жеңісі – қазақ қызының тек әсемдігімен ғана емес, сонымен бірге іскерлігімен, шығармашылық талантымен және ұлттық рухымен де биік белестерді бағындыра алатынының айқын дәлелі.

**Мерей ШӘКРАТ**



Қандай фильмді алып қарасаңыз да кинокомпанияның логотипі көрінісінен басталады. Бүгінде киноөндірісінде сан түрлі студия бар. Бірі – жаңа, енді ғана қалыптасып келе жатқан компаниялар болса, енді бірі – көпшілік санасында «аңызға» айналған алып студиялар. Әдетте көрермен логотиптің нені білдіретініне, оның қалай жасалғанына және неліктен дәл солай бейнеленгеніне аса көңіл бөлмейді. Ендеше киноөндірістегі ең ірі бес студия логотипінің тарихына үңіліп көрейік.



# ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ КИНОКОМПАНИЯЛАРДЫҢ ЛОГОТИПІ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?



DreamWorks студиясының тарихы 1994 жылдан басталады. Осы жылы атақты режиссер Стивен Спилберг, Disney компаниясының бұрынғы директоры Джеффри Катценберг және музыкалық продюсер Дэвид Геффен бірігіп, жаңа типтегі киноимперия құруды қолға алады.

Алғашқы идея бойынша студия логотипі компьютерлік графика арқылы жасалуы керек еді. Эскизде ай үстінде отырған ересек балықшы бейнеленген. Бірақ суретшілер бұл идеядан бас тартып, логотипті классикалық әдіспен салуды ұсынды. Нәтижесінде логотип дайын болған соң, суретшілердің бірі айдың үстіндегі ересек адамды балаға ауыстырған жаңа нұсқа жасап шығарды. Бұл нұсқа Спилбергке ерекше ұнайды. Ең қызығы, айға отырып, қармақ салған бала – логотип авторы Роберт Ханттың өз ұлының бейнесі деседі.

Paramount Pictures 1912 жылы ағайынды бауырлар Адольф Цукор және Фроман бастамасымен құрылды. Компанияның алғашқы логотипін суретші Уильям Хоткинс жасаған. Ол символ ретінде бала күнінде көп уақытын өткізген Юта штатындағы Бен-Ломонд тауын таңдады.

Алғашқы нұсқада логотипте 24 жұлдыз болған. Әр жұлдыз – студия құрылған кезде онымен келісімшартқа отырған актерлар санын білдіретін. Қазіргі нұсқада 22 жұлдыз бар, бірақ бұл өзгерістің себебі туралы нақты ақпарат берілмеген.

Columbia Pictures тарихы 1919 жылдан басталады. Голливуд кәсіпкері Гарри Кон ағасы Джек Кон және серіктесі Джо Брэндтпен бірігіп өз киностудиясын құруға бел буады. Алғашында компания CBC Film Sales Corporation деп аталып, кейін Columbia Pictures Corporation деген жаңа атауға ие болды. Columbia Pictures логотипі тарихында бес рет өзгеріске түсті.

Логотиптің ең танымал, классикалық нұсқасы 1992 жылы пайда болды. Кескінді суретші Майкл Деас жасап шықты. Бұл логотип үшін модель болған әйел – «Times-Picayune» газетінің редакторы Дженни Джозеф. Ол алғаш рет өзін кәсіби модель ретінде сынап көргеніне қарамастан оның бейнесі әлемге тараған әйгілі символға айналды. Әйелдің қолындағы алау – жаңашылдықтың, жарықтың, жол көрсетудің белгісі. Ол американдық кино өнерінің әлемге жол ашқанын меңзейді.

Metro-Goldwyn-Mayer. Әлемге әйгілі «айбатты арыстан» логотипі 1924 жылы ақын әрі әнші Гарвард Дитцтің идеясымен жасалды. Студия тарихында бұл логотипте бес түрлі арыстан бейнеленген.

Алғашқы арыстан – Слатс – үн шығармай, тек эмблеманы көркемдесе, екінші арыстан Джеки – логотипте алғаш рет ақырып, оның дыбысын жазу үшін фонограф қолданылған. Ал кино әлемі әлі үнсіз кезеңде еді. Үшінші арыстан – Таннер. Төртінші арыстан туралы дерек аз, тек оның айрықша жалы болғаны айтылады.

1957 жылдан бері экранда көріп жүрген бесінші арыстанның аты – Лео. Ол бүгінде кино әлемінің ең танымал символдарының бірі. Айтылған қауесеттерді есептемегенде, логотипті түсіру кезінде жануарларға ешқандай зиян келмеген.

Walt Disney Company. Уолт және Рой Диснейлер негізін қалаған Disney студиясы 1932 жылдан бастап анимация әлемінің ірі орталығына айналды. Көрермендер жақсы білетін студия логотипінде бейнеленген сарай – Нойшванштайн, яғни «Аққу сарайы». Бұл архитектуралық нысан Диснейдің ертегі әлеміне тән романтикалық эстетикасына сай келген.

Аталған логотип 2006 жылға дейін қолданыста болды. Кейін оның орнына «Золушка» ертегісіндегі сарайдың 3D моделі пайда болды. Бұл сарайдың прототипі Франциядағы Шато Дюссе бейнесінен алынған.

**Аружан ОРАЛБАЙ**

Адам өмірі – ақырындап бөліну мен тәуелсіздікке ұмтылу процесінің керемет көрінісі. Бүгінде жиі айтылатын сепарация – бала мен ата-ана арасындағы байланыстың тек физикалық емес, ең алдымен эмоционалдық және психологиялық бөлінуі. Латынның separatio сөзі «бөліну» дегенді білдіреді. Психологияда сепарация – балаға өз «менін» тануға, өз шешімдерін қабылдауға, салдарына жауап беруге мүмкіндік беретін маңызды құбылыс. Ол адамға өмірлік дағдыларды меңгертіп, өзіне сенімділік береді.



# СЕПАРАЦИЯ: ӨЗІҢДІ ТАНУ ЖОЛЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ



Туғаннан бастап бала анасының қолында, көңілінде біртұтас әлемде өмір сүреді. Бала қорқыныш пен қызығушылық аралас сезіммен өз бетімен жүруді үйренген сәттен бастап өмір сүрудегі алғашқы қадамдарын жасайды. Ол біртіндеп ойыншыққа жетуге тырысады, өз қалауын білдіреді, сәтсіздікті қабылдайды, жаңа дағдыларды меңгереді. Бұл қадамдар нәзік, бірақ маңызды. Анасының қолы әрқашан жанында болса да, бала өзіне сенімді болуды, қорқынышсыз әлемді зерттеуді үйренеді. Мұндай тәжірибе оның ішкі күшін қалыптастырып, өз құндылықтарын тануға мүмкіндік береді.

Алғашқы үш жыл сепарацияның психологиялық тұрғыдан маңызды кезеңі. 3 жасқа келгенде бала алғаш рет «мені» бар екенін, анасының бөлек тұлға екенін түсінеді. Егер ата-ана баланы үнемі қорғап, бәрін өзіне жасап берсе, бала тәуелсіздіктің дәмін татпай, шешім қабылдауға жасқаншақ болып өсуі мүмкін. Мұндай бала ересек өмірде ата-анасының рөлін іздеп, қарым-қатынастарында тәуелділікке ұшырайды. Мұның салдары да ауыр болады.

Жасөспірімдік кезең – сепарацияның ең күрделі сатысы. Бұл уақытта бала өз денесін, сезімдерін, қалауларын жаңа жолдармен сынайды. Қарсыласу, кейде ашулану – бұл өзін көрсету, өз құндылықтарын айқындау тәсілі. Егер ата-ана шектейтін болса, балада «барлық шешімді ата-ана рұқсатынсыз қабылдай алмаймын» моделі қалыптасады, ал бұл ересек өмірде жоғарыда атап өткен тәуелділікке әкелуі мүмкін. Керісінше, қолдау мен сенім көрсетілген жағдайда, жасөспірім өз құндылықтарын анықтап, өмірлік бағытты өздігінен таңдай алады.

Сепарацияның төрт негізгі түрі бар. Эмоциялық сепарация – адам өз шешімін қабылдап, ата-ананың пікірінен тәуелсіз әрекет етеді. Құндылық сепарациясы – өз көзқарасын қалыптастырып, оны қорғауды үйренеді, ата-ананың ойына қарамай әрекет етеді. Функционалдық сепарация – өз қажеттілігін өзі қамтамасыз ету және тәуелсіз өмір сүру қабілеті. Қақтығыстық сепарация – ата-анасымен келіспеген жағдайда өз пікірін ашық айтуға үйренеді, кінә сезімін сезбейді.

Сепарация – тек бала кезеңінде емес, кез келген жасында жүзеге асуы мүмкін. Бұл процесс адамның жеке тұлғалық дамуы, эмоционалдық тұрақтылығы және өмірде сенімді қадам жасау қабілеті үшін аса маңызды. Ол арқылы адам өз сезімдері мен қалауларын айқын ажыратып, қорқыныштан арылып, толыққанды өмір сүруді үйренеді.

Қорытындылай келе, сепарация – бұл адамның өмірге деген көзқарасын қалыптастыратын, өз құндылықтары мен шешімдері үшін жауапкершілік алуға үйрететін процесс. Ол біртіндеп жүреді, әр қадам – жеке тәжірибе. Өмір жолында біз өзімізді, ішкі әлемімізді тану арқылы шынайы еркіндікке, өз таңдауымызға сенімді болуға жетеміз. Аталған ұғым тек балалық кездегі қадам ғана емес, сонымен қатар ересек өмірде толыққанды тұлға болудың, эмоционалдық еркіндіктің алғашқы жолы.

**Нұршат НЫШАНОВА**

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген.
«Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10
БАС РЕДАКТОР
Дәулет ҚЫРДАН

**Таралу аймағы:** Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
**e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru**
**Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz**

**Кезекші редактор:**
**Аружан ОРАЛБАЙ**

**Таралымы: 6479**
**Тапсырыс: 1980**